

Мемлекет басшысы Қ.ТОҚАЕВ:

ҚАРАЖАТТЫ ОРЫНСЫЗ ЖҰМСАП, ЖАҢА ДҮНИЕ ЖАСАУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақмешіт Ақшамы Газеті

Комиссия күнделігі

ҰСЫНЫСТАРДЫ КІМДЕР ҰСЫНУДА?

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия өз жұмысын бастады. Комиссия отырыстарын барынша ашық, жариялы өткізуде. Әрине, жабық есік жағдайында бәрі де сөзге шешен, ойға мығым. Ал, ашықтық әрбір сөзге аса мән беруді талап етеді.

Комиссия отырыстарын дәстүрлі электронды ақпарат құралдарынан көріп, мерзімді газеттерден оқып, ұзын-ырғасымен әлеуметтік желілерден танысып отырған ел бәрін бақылап, таразылап, сарапқа салып отыр.

Сөз бостандығы мен пікір алуандығы кепіл етілген қоғамда әркімнің өз пікірі, айтар сөзі, ойы бар. Комиссия отырыстарында айтылған ұсыныстарға келіспейтіндер де бар екені белгілі. Дегенмен көпшілік ұсыныстарды қолдауда.

Комиссия отырыстарының жариялылығын, оқырмандардың ақпаратқа қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін "Комиссия күнделігі" айдарымен комиссияда айтылған ұсыныс, пікірлерді ресми ақпарат көздері дерегімен жариялағанды жөн көрдік.



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ БІРІНШІ ОТЫРЫСЫ: НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР, ҰСЫНЫСТАР МЕН ШЕШІМДЕР

Астанада Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның бірінші отырысы өтті. Шара кеңейтілген форматта Парламент депутаттарының, мәслихат төрағаларының, қоғам қайраткерлерінің, орталық мемлекеттік органдардың жауапты лауазымды адамдарының, БАҚ өкілдерінің, өңірлердің қоғамдық кеңестерінің, сараптамалық және ғылыми қоғамдастықтардың қатысуымен өтті.

Комиссия Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тиісті Жарлығын орындау мақсатында жұмыс істейді. Оған Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова жетекшілік етеді. Комиссия төрағасының орынбасарлары – Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин және Премьер-Министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева.

Алғашқы отырыста қатысушылар ҚР Конституциясына өзгерістер енгізу бойынша негізгі ұсыныстарды егжей-тегжейлі қарастырды.

Мемлекет басшысы 2025 жылғы 8 қыркүйектегі халыққа Жолдауында «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде бір палаталы Парламент құру туралы бастама көтерді.

Бұл – жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына одан әрі елеулі ықпал ететін маңызды саяси реформа. Өткен жылдың қазан айынан бастап жаңа реформаны дайындау аясында азаматтардан, 7 саяси партиядан, 16 қоғамдық ұйымнан және түрлі салалардың сарапшыларынан 2 мыңнан астам ұсыныс түсті. Атап айтқанда, ұсыныс жолдағандар е-Otinish және eGov порталдарын белсенді қолданғаны байқалды. Алайда, ұсыныстар тек бір палаталы Парламент мәселесін ғана емес, сонымен бірге көптеген басқа да саяси және әлеуметтік өмірге қатысты аспектілерді қамтыды. Осыған орай Мемлекет басшысы шешімімен Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құрылды.

Алғашқы отырыстың ашылуында Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова Комиссияның құрылуын секторлық өзгерістерден кешенді конституциялық трансформацияға көшу ретінде қарастыру керек екенін атап өтті.

Конституциялық комиссияның алдында айрықша миссия тұр – бір жағынан конституциялық құрылыстың іргелі қағидаттарын сақтай отырып, екінші жағынан заманауи сын-қатерлерге қатысты өз ұстанымымызды толыққанды айқындауға мүмкіндік беретін Ата заңның тиісінше теңгерімін қамтамасыз ету, - деп атап өтті Эльвира Азимова.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин өз сөзінде 20 қаңтарда Қызылордада өткен Ұлттық құрылтай отырысында Мемлекет басшысы айтқан конституциялық реформаның негізгі ережелеріне тоқталды.

- Мемлекет басшысы «Еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек» деп нақты атап өтті. Шын мәнінде, жаңа кезеңде жаңа өкілеттікке және ерекше атауға ие болған Құрылтай қазақ жеріндегі парламентаризмнің тамыры тереңде жатқанын аңғартады.

Құрылтай депутаттарының саны 145-ті құрайды, кандидаттарға қойылатын талаптар өзгеріссіз қалады, толық пропорционалды сайлау жүйесі қолданылады, ал депутаттардың өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Пропорционалды жүйе партиялардың кадр саясатын дамытуға ықпал етеді, олардың институционалдық рөлін арттырады және саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін нығайтады, - деп атап өтті Мемлекеттік кеңесші.

Сонымен қатар ол конституциялық реформа бойынша түпкілікті шешімді еліміздің азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайтынына ерекше назар аударды.

ҚР Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ерлан Жиенбаев өз сөзінде Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы «бірнеше жыл бойы мұқият қалыптастырып келе жатқан саяси құрылымның үйлесімді түйіні» ретінде тарихи әрі маңызды ұсыныс айтқанын атап өтті.

- Президент бірқатар елдерде бар Вице-президент институтын енгізуді ұсынды. Мемлекет басшысының өзі атап өткендей, «біздің жағдайымызда бұл лауазымды енгізу мемлекетті басқару процесін тұрақтандырады. Сондай-ақ билік иерархиясын біржола айқындап береді.

Сонымен қатар реформалардың жаңа кезеңінде қоғам дамуының барлық мәселесіне қатысты тұрақты жалпыұлттық диалог жүргізу үшін ауқымды платформа ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құру ұсынылды.

Аталған орган халқымыздың ынтымақ-бірлігін нығайтуға ықпал ететін негізгі қоғамдық-саяси бірлестіктер мен құрылымдарды қосып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық функцияларын орындауды жалғастырады.

Осы екі маңызды институт бойынша негізгі ережелер Конституция деңгейінде тиісті регламенттеуді талап етеді - деп, Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі атап өтті.

Вице-Президентті жалпы депутаттар санының көпшілік дауысымен білдірілген Құрылтайдың келісімімен Президент тағайындайды деп күтілуде.

Вице-Президентті қызметінен Президент босататын болады. Вице-Президенттің құзыретіне Президенттің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастардағы мүдделерін білдіру, Құрылтаймен, Үкіметпен және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл барысында Президенттің атынан өкілдік ету берілетін болады.

Вице-Президент өкілді органның депутаты болмауға, өзге де ақылы лауазымдарды атқармауға және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмауға тиіс. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде Вице-Президент саяси партияның мүшесі болмауға тиіс. Мұндай тәртіп саяси бәсекелестікті арттыруға және барлық партиялардың дамуы үшін тең жағдайды қамтамасыз етуге бағытталған ұстанымға сәйкес келеді.

Халық Кеңесіне қатысты. Халық Кеңесінің мәртебесін Конституцияда бекіту мақсатында онда жеке бөлім көздеу ұсынылады. Атап айтқанда, Халық Кеңесі Қазақстан Республикасы халқының мүдделерін білдіретін мемлекетіміздің жоғары консультативтік органы екендігі туралы норманы көздеу қажет екені айтылды.

Құрамы Қазақстан Республикасы азаматтары қатарынан Мемлекет басшысы тарапынан қалыптастырылатындығын қамту қажет. Сондай-ақ, Халық Кеңесінің мемлекеттің ішкі саясатының негізгі бағыттары бойынша; қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлікті және ынтымақтастықты нығайтуға; мемлекет қызметінің қағидаттарын және жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілетуге қатысты ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу жөніндегі негізгі өкілеттіктерін регламенттеу көзделеді.

Президент Халық Кеңесі заң шығару бастамашылық ету құқығына ие болуы қажеттігін атап өтті. Бұл да Конституцияда бекітілуге тиіс. Халық Кеңесінің құрылу, құрамын қалыптастыру тәртібі, өкілеттіктері мен қызметін ұйымдастыру мәселелері бөлек конституциялық заңмен айқындалатын болады. Халық Кеңесінің жоғарғы органы жылына кемінде бір рет шақырылатын Сессия болады.

Отырыста өз ұсыныстарымен, пікірлерімен және ескертулерімен сөз сөйлегендер қатарында жөнгандар:

– Парламент Мәжілісінің депутаты Унзила Шапақ ұлттық мемлекетті нығайту және республиканың идеологиялық бағытын айқындау үшін Конституцияның преамбуласын жаңартуды ұсынды;

◆ Қоғамымызға, жалпы елімізге заң үстемдігі, тәртіп мықтылығы ауадай қажет. Кейбір шет елдерде болып жатқан қазіргі өте күрделі ахуалды көріп, бұл саясатымыздың дұрыстығына бәріміздің көзіміз жетіп отыр, оған ешқандай күмән жоқ. Заң мен тәртіп мемлекеттік саясатымыздың негізгі қағидаты ретінде қабылдануы керек, бұл қағидатты жаңа Конституциямызға міндетті түрде енгізу қажет деп санаймын. Себебі бұл ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын, өміршең қағидат екені даусыз. Бас прокуратураның осы саладағы рөлі аса маңызды. Прокуратура қызметкерінің заңның бұзылуына бейтарап, селқос қарауға құқығы жоқ.

◆ Әр мекеме цифрлық жүйесін өз бетімен дамытуда. Бұл шаруа жүйесіз жүргізіліп жатыр. Біртұтас жүйе жоқ. Мысалы, кейбір органдар цифрлық тәсілдерді ұтымды қолданып жұмыс істеуде. Ал кейбірі дұрыс амал-тәсіл таба алмай, қыруар қаржы жұмсап жүр. Бұл, басқа сөзбен айтқанда, нағыз жымқыру. Сондықтан қаражатты орынсыз жұмсап, жаңа дүние жасаудың қажеті жоқ. Үкіметке қолданыстағы барлық цифрлық шешімдерді саралап, тексеріп, олардың тиімділігін арттыруды тапсырамын. Күштік құрылымдарға арналған түсінікті құрылымы бар және технологиялық стандарттары біркелкі бірыңғай цифрлық экожүйе жасалуға тиіс.

◆ Ақпараттық кеңістікте азаматтардың дербес деректері жарияланып кеткені туралы хабар жиі шығып жатады. Дербес деректерді барынша қорғау үшін бұл жұмыспен жүйелі түрде айналысу керек.

◆ Әлемде киберқылмыс өршіп барады. Жыл сайын мыңдаған азаматымыз соның құрбаны болып жатыр. Қазір интернеттегі алаяқтық қылмыстардың бестен бірі ғана ашылады. Бұл – өте төмен көрсеткіш. Киберқылмыспен күрес тәсілдерін түбегейлі қайта қарау қажет. Цифрлық қатерге төтеп беру үшін құқық қорғау органдары бір қадам алда жүруге тиіс. Озық ойлап, артта қалмаудың амалын табу қажет.

◆ Көші-қон үдерістерін жаппай цифрландыру керек. Бұл – өте өзекті мәселе. Баяғыдан бері талқылап жатырмыз, дұрыс, оң нәтиже аз. Қазір әлемде күрделі ахуал қалыптасып отыр. Дүние жүзінде кең ауқымды көші-қон жүріп жатыр десек, қате болмайды. Қоныс аударғысы келетін шетелдіктер үшін Қазақстан – басқа елдерге өтуге де, тұрақтап қалуға да қолайлы мемлекет. Елге келген шетел азаматтарын уақтылы есепке алып, олардың жүріс-тұрысын бақылайтын техникалық құралдарды жетілдіру – аса маңызды міндет. Үкіметке Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп, осы жұмысты тездетуді тапсырамын.

◆ Технологияның қарқынды дамуы ақпараттық кеңістіктің түбегейлі трансформациясына жол ашады. Қоғамды жікке бөліп, азаматтарды бір-біріне қарсы қоятын деструктивті ақпарат таратуға бейіл адамдар да бар. Мұның бәрі өшпенділікке бастайтын ешкімге қажетсіз, тіпті қауіпті пікірталасқа жалғасады. Жасанды интеллектіні осындай адамдар ақпараттық қаруға айналдырып, заңға қайшы келетін контенттерді көптеп тарата бастайды. Бұған қол беруге болмайды. Ондай әрекеттерге құқықтық баға беріп, жауапкершілікке тарту қажет. Азаматтарға деструктивті контентті таратудың құқықтық салдары жөнінде үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізген жөн.

◆ Ұлттық құрылтай отырысында мен отаншылдық ұғымы туралы пікірімді айттым. Отаншылдық, бұл жай ұран емес, отаншылдық дегеніміз – қасиетті сезім, мұның әсіреуштылыққа еш қатысы жоқ. Қазақстанда біз отаншылдық ұғымына жауапкершілік және жасампаздық тұрғысынан қарауымыз керек, яғни отаншыл азамат ең алдымен жауапкершілігі жоғары және жасампаз азамат болуға тиіс. Отанға деген сүйіспеншілік – саяси ұпай жинау немесе қызметтік мансап жасау емес, бұл – Отаныңа жақсылық жасау, еліңе пайда әкелу деген сөз.

Мемлекет басшысының
Бас Прокуратурада өткен жиында сөйлеген сөзінен

Сұрағым бар...

ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕУ ҚАНША ТҰРАДЫ?

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 4325 теңгеге өсті. Осыған орай көптеген мемлекеттік қызмет пен алымның бағасы АЕК-ке байланысты болғандықтан құжаттарды рәсімдеу 10%-ға өседі.

Ересек адам үшін төлқұжат 8 АЕК немесе 34 600 теңге тұрады. Балалар үшін 4 АЕК немесе 17 300 теңге болады.

Сонымен қатар 1 қаңтардан бастап Қазақстан азаматтары жеке куәлікті тегін ала алады. Бұл жеке куәлікті бірінші рет алған кезде және мерзімі аяқталғаннан кейін жаңартуға қатысты.

Жалпы жеке куәліктің құны 0,2 АЕК немесе 865 теңге болады.

Ал туу туралы куәліктер 1 қаңтардан бастап тегін беріледі.

ТЕГІН ЖАСАЛАТЫН ЕҢ ҚЫМБАТ ОПЕРАЦИЯ ҚАНДАЙ?

Денсаулық сақтау министрлігінің хабарлауынша бүгінде көмекші жүрек жүйесін имплантаттау ең қымбат жоғары технологиялық операция. Құны - 79 млн. теңге. Бірақ бұл ота пациенттерге тегін жасалады. 2025 жылдың 11 айында мұндай жүйелер 59 пациентке орнатылған. олардың көпшілігі үшін операция өмір сүрудің жалғыз мүмкіндігі болды», - дейді дәрігерлер.

Аллогенді гемопоэтикалық дің жасушаларын трансплантаттау отасы қымбаттығы жағынан екінші орында екен. Бағасы 17,4 млн. теңге. Былтыр барлығы осындай 117 ота жасалған. Былтыр автоматты кардиовертер-дефибрилляторды имплантаттау; бас және мойын тамырларының эндо-васкулярлық эмболизациясы және окклюзиясы; ұрықтың дің жасушаларын трансплантаттау ең көп жасалған қымбат оталар екен.

Министрлік мәлімдеуінде бүгінде Қазақстанда 82 жоғары технологиялық медициналық технология қолжетімді. Олар педиатрия, нейрохирургия, онкология, кардиохирургия, травматология, урология, акушерлік және гинекология, сондай-ақ трансплантология сияқты негізгі клиникалық бағыттар бойынша көрсетіледі.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ:

АДАЛДЫҚ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Сыбайлас жемқорлық мәселесі қоғамда көбіне құқықтық шеңберде талқыланады. Бұл туралы әңгіме қозғалғанда, көп жағдайда назар пара беру мен алу фактілеріне, заң бұзушылық пен жазаға ауады. Бұл мәселені тек жазалау шараларымен немесе қатаң заңдармен жету мүмкін емес екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Ең басты мақсат – қоғамда жемқорлықтың кез келген түріне деген «мүлдем төзбеушілік» мәдениетін қалыптастыру және әрбір азаматтың ішкі парасаттылық фильтрін орнату.

Қоғамда көп жағдайда адамдар жемқорлықты айыптайды, бірақ оған қарсы әрекет жасамайды. Көпшілік зансыздықты көрсе де, оған қарсы шығуға асықпайды. Бірі «менің шаруам емес» десе, енді бірі «бәрі солай істейді» деп өзін ақтайды. Осындай немқұрайлыққ уақыт өте келе бейтараптықтан төзімділікке, ал төзімділіктен қалыпты қабылдауға алып келеді.

Жемқорлықтың таралуы көбіне қоғамдық қабылдаумен тікелей байланысты. Егер қоғам жемқорлықты қалыпты құбылыс ретінде қабылдаса, ол моральдық шекарадан шығып, функционалдық қралға айналады. Мұндай жағдайда жемқорлыққа бару қылмыс емес, «жағдайды шешудің жолы» ретінде қарастырылады. Қоғамда «енбекпен емес, байланыспен» жетістікке жету түсінігі орнығады.

Жемқорлықпен күресте тек бақылау мен жазалау шараларына сүйену жеткіліксіз. Әрине, заңның қатаңдығы қажет. Бірақ ол ішкі

МӘМС ПАКЕТІНЕ ҚАНДАЙ СОЗЫЛМАЛЫ АУРУЛАР КІРЕДІ?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне диспансерлік есепте тұрған азаматтардың бірқатар созылмалы аурулары бойынша бақылау мен емдеу енгізілді.

Бұл тізімге келесі ауру түрлері кірді:

- қант диабеті;
- балалардың церебралды сап ауруы;
- дәнекер тіннің жүйелі аурулары;
- ревматизм;
- артериялық гипертония;
- жүректің ишемиялық ауруы және өзге де жүрек аурулары (жүрек жеткіліксіздігі, жүрек ырғағының бұзылыстары);
- төменгі тыныс жолдарының созылмалы аурулары;
- Бүйрек аурулары, оның ішінде гломерулярлық аурулар, созылмалы бүйрек ауруы;
- ас қорыту жүйесінің аурулары;
- сүйек-бұлшықет жүйесі мен дене-көр тін аурулары.

Бұл диагноздары бар адамдарға амбулаториялық және стационарлық жағдайларда, соның ішінде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді, қымбат дәрі-дәрмектерді қоса алғанда, барлық қажетті ем түрлерін алуға мүмкіндік береді.

жауапкершілікпен толықтырылмаса, нәтиже уақытша болады. Қорқынышпен орындалған талап санада құндылыққа айналмайды. Ал сана өзгермей, қоғам да өзгермейді. Мемлекет басшысы Қ.Қ. Тоқаевтың 2026 жылы 5 қаңтарда «Turkistan» газетіне берген сұхбатында қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі – жемқорлықпен күреске тоқталып: «Жалпы, жемқорлықтан аулақ болу қажеттігін балалардың құлағына жастайынан құя берген жөн. Бұл жерде мектептер, қоғамдық ұйымдар, белсенді азаматтар, әсіресе, ата-аналар шешуші рөл атқаруға тиіс. Сол кезде елімізде жең ұшынан жалғасқан жемқорлыққа мүлдем төзбеу мәдениеті қалыпта-сады», - деп атап өтті. Президенттің бұл сөзі – тек үндеу емес, болашақ ұрпақтың санасын сауық-тыруға бағытталған нақты стратегия, әрбір қазақ-стандыққа жүктелген моральдық жауапкершілік.

Мектеп қабырғасында балаға тек академиялық білім беріп қана қоймай, жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін сіңіруіміз қажет. «Арыдың жасынан сақта» деген бабалар аманаты бүгінгі заманның «комплаенс» саясатының негізі іспетті. Қазіргі таңда квазимемлекеттік секторда комплаенс қызметтерінің енгізілуі – мәдениетті трансформациялаудың практикалық қадамы. Бұл – ұйым ішіндегі тазалықты, адал бәсекелестікті және этикалық стандарттарды сақтаудың кепілі. Әрбір мекеме жемқорлықтан ада аймаққа айналғанда ғана жалпыұлттық деңгейдегі нәтижеге қол жеткіземіз.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛАЙЫҚ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына, заң үстемдігіне және азаматтардың мемлекетке деген сеніміне нұқсан келтіретін ең қауіпті әлеуметтік құбылыстардың бірі. Бұл мәселе бүгінде Қазақстан үшін де өзекті болып отыр және оған қарсы мем-лекеттік саясаттың басты басымдықтарының қатарына күнестілген.

«Сыбайлас жемқорлық» ұғымы лауазымды адамдардың өз қызметтік өкілеттігін жеке басының пайдасы үшін теріс пайдалануын білдіреді. Қазақстан Республикасының заңнама-сына сәйкес пара алу және беру, қызметтік өкілеттікті асыра пай-далану, қызметтік жалғандық және сенім тапсырылған мүлікті иемдену сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жатады.

Сыбайлас жемқорлық елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын тежеп қана қоймай, ұлттық қауіпсіздікке де нақты қауіп төндіреді. Осыған байланысты мемлекет тарапынан құқық қорғау жүйесін жетілдіруге, заңдылық пен ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шаралар қабылданып келеді.

Өрт қауіпсіздігі саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу ерекше маңызға ие. Бұл саладағы кез келген заңсыз әрекет немесе немқұрайлық адам өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіреді. Өрт қауіпсіздігі талаптарының формалды сақталуы, бақылау-қадағалау шараларының әділетсіз жүргізілуі ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Сондықтан өрт қауіпсіздігі саласында адалдық, ашықтық және жеке жауапкершілік қағидаттарын қатаң сақтау – басты міндет.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің тиімділігі азаматтардың құқықтық мәдениетіне тікелей байланысты. Әрбір азамат заң талаптарын сақтауға, құқық бұзушылықтарға жол бермеуге және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік танытуға тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – барша Қазақстан Рес-публикасы азаматтарының ортақ ісі және азаматтық борышы.

СПАНОВ БЕЙБІТХАН ОРАЗАЙҰЛЫ
Қызылорда облысы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы мен Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының ұйымдастыруымен «Әкімшілік әділет саласын кеңейту шеңберінде заңнамаларға енгізілген өзгерістер» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Шараға әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы К.Қаниева, әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының судьясы Ш.Маликова, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төр-

ағасы Г.Мырзатаева және судьялары З.Жарылқасынова, М.Тоғызбаева, А.Сарсенбаев, облыс әкімі аппаратының, облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының, сәулет және қала құрылыс бөлімінің, ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің және Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері қатысты. Шараны алқа төрағасының міндетін атқарушы К.Қаниева ашып, күн тәртібіндегі тақырыптың маңыздылығына тоқталып өтті. Сонымен бірге, Қызылорда

облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы А.Сарсенбаев «Әкімшілік әділет саласын кеңейту шеңберінде заңнамаларға енгізілген өзгерістер» тақырыбында баяндама жасады. Қызылорда облысы әкімі аппара-тының өтініштерді қарау бөлімінің басшысы А.Жусупова 2025 жылғы арыз-шағымдарды қараудың қорытын-дысын баяндады. Шара соңында қатысушылар өзара пікір алмасты.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

МҰЗДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК — ӘР АЗАМАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Қыс мезгілінде су айдындарының беті мұзбен жабылып, тұрғындар арасында балық аулау, серуіндеу және қысқартылған жол ретінде мұз үстімен жүру жағдайлары жиілейді. Алайда мұздың беріктігі әрдайым бірдей болмайтынын ескерген жөн. Жұқа немесе тұрақсыз мұз адам өміріне үлкен қауіп төндіреді.

Төтенше жағдайлар қызметінің мәліметінше, ауа райының құбылмалы болуы салдарынан мұз қабаты бір жерде қалың болса, басқа аумақта өте жұқа болуы мүмкін. Әсіресе өзендердің ағысты бөліктерінде, көпір маңында, қамыс өскен жерлерде және жылы су құятын аймақтарда мұз аса қауіпті. Осыған байланысты тұрғындарға мұз үстінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау ұсынылады.

Бір адамға қауіпсіз мұз қалыңдығы кемінде 10–12 сантиметр болуы тиіс. Балалардың қараусыз мұзға шығуына жол бермеу қажет. Сондай-ақ алкогольдік ішімдік ішіп, мұз үстіне шығу адам өміріне тікелей қауіп төндіреді. Мұз үстінде жүрген кезде өзінізбен бірге құтқару құралдарын (арқан, ұзын таяқ) алып жүрген жөн. Егер мұз жарылып, суға түсіп кеткен жағдайда сабыр сақтап, мұздың берік жағына қарай еңбектеп шығуға тырысу қажет.

Төтенше жағдайлар қызметкерлері қыс мезгілінде профилак-тикалық рейдтер өткізіп, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Алайда ең бастысы – әр азаматтың жеке жауапкершілігі мен сақтығы.

Құрметті тұрғындар, су айдындарына шықпас бұрын өз қауіпсіздігіңізді ойлап, белгіленген ескерту белгілеріне мән берулеріңізді сұраймыз. Қауіпті аймақтарға жақындамау, балаларды бақылаусыз қалдырмау және төтенше жағдай туындаған кезде 112 нөміріне хабарласу – адам өмірін сақтаудың басты кепілі.

ЕСЕНГЕЛДИЕВ Е. Т.

Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері азаматтық қорғау лейтенанты

2026 жылғы І-тоқсандағы Қызылорда облысының білім басқармасының «Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі


№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Жалағаш кенті	Садыков Талғат Куракбаевич	Бөлім басшысы	Сәрсенбі 16.00 ден 18.00-ге дейін	Жалағаш кенті, Ұлы Женістің 50 жылдығы к-сі, №20	8(724-31) 21-3-91

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агентігінде тіркеліп	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлiгi берiлген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Газет аптасына бір рет жарық көреді	Тапсырыс	
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН				

ТҮЙЕ СҮТІНЕН ҚҰРҒАҚ ҰНТАҚ ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, жауапты сала басшылары Арал ауданындағы түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығаратын зауыт құрылысымен танысты.

Жоба бастамашысы «Qazaq Camel» ЖШС 392 тонна өнім шығарады деп жоспарлануда. Зауыт құрылысына 3 млрд. теңге қаржы салынған. Оның 1,8 млрд. теңгесі мемлекет қолдауы, яғни жеңілдетілген несие, 1,2 млрд. теңгесі жеке қаражат есебінен. Осы жылдың наурыз айында іске қосылып, 23 адам жұмыспен қамтылады.



Өткен жылдың қорытындысымен өңдеу өнеркәсібі саласында 406,3 млрд.теңгенің өнімі өндіріліп, көрсеткіш 6,4%-ға өсті. Нақты айтсақ, тамақ өнімдерін өндіру 3,4%-ға, мұнай өңдеу өнімдерінің өндірісі 5,2%-ға, жиһаз өнеркәсібі 43,6%-ға, жеңіл өнеркәсіп 12,4%-ға, химия өнеркәсібі 2,7%-ға, құрылыс индустриясы 4,3%-ға, резеңке және пластмасса бұйымдар өндірісі 1,7%-ға артты.

Негізгі өндірістік ғимараттың құрылысы мен қондырғыларды орнату 90% аяқталған. Қазіргі таңда монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Аймақ басшысы осы жерде шаруа қожалықтары және шағын кәсіп иелерімен кездесіп, бастаған істі дамыту, өнім өндіру мен өңдеуді жолға қою мәселелерін талқылады. Бірінші кезекте сапаға мән беріп, өндіріс көлемін ұлғайту қажет екенін атап өтті.

МЕМЛЕКЕТ ҚАРЖЫСЫНА САЛЫНҒАН НЫСАНДАР ХАЛЫҚ-ТЫҢ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Қызылорданың аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен пайдалануға берілген әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің қазіргі жай-күйі талқыланған мәжіліс өтті. Жиынға жауапты сала басшылары қатысып, нақты тапсырмалар жүктелді.

– «Пайдалануға берілген және құрылысы жүргізіліп жатқан әлеуметтік нысандарға, тұрғын үйдің сапасына кешенді зерделеу жүргізіңіздер. Барлық нысанның жоба-сметалық құжаттамаға және қолданыстағы құрылыс нормаларына сәйкестігі қатаң бақылануы тиіс. Өйткені мемлекет қаржысына салынған нысандар халықтың игілігіне қызмет етеді. Кепілдік мерзімі аясында мердігер ұйымдар анықталған кемшіліктерді толық жойып, атқарылған жұмыстарға тұрақты мониторинг жүргізуі керек», – деді Д. Жаналинов.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауының нәтижесінде аймақта құрылыс қарқыны жыл сайын артып келеді. 2022 жылдан бері өңірде 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынған. Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясаттың жемісі ретінде кейінгі жылдары тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 5 мыңнан астам пәтер табысталғанын атап өту керек.

2023 жылы барлық ауданда алғаш рет 1 800-ге жуық пәтер тұрғындарға пайдалануға берілді. Өткен жылы 3 600 пәтерлік тұрғын үйлер құрылысына бюджеттен 58 млрд. 785 млн. теңге бөлінді. Кезекте тұрған азаматтарға 2 392 пәтер табыстау үшін 57 млрд. 440 млн. теңге қаржы жоспарланған.

Быттырдан бастап Қызылорда қаласында заманауи сәулеттік үлгідегі жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер құрылысы қарқын алып келеді.

АСПАЛЫ КӨПІР – БАСТАМАЛАР ЖАЛҒАСЫ

Қазалы ауданының Өйтеке би кентіндегі теміржол арқылы өтетін аспалы көпірдің ашылу рәсімі болып өтті. Рәсімге қатысқан аймақ басшысы Н.Нәлібаев жиналған жұртшылықты құттықтап, жол инфрақұрылымын дамытудағы ауқымды жұмыстарды атап өтті.

– «Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайда Президентіміз Қасым-Жомарт

шақырым автомобиль жолдары мен көшелерді, 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуге 150 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді. Өткен жылдың өзінде жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 50 млрд. 605 млн. теңге қаралып, 329 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтуде.

Қазалы вокзалы жанындағы 1,3



Кемелұлы: «Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт», – деген болатын.

Осы мақсатта өңірімізде белсенді жұмыстар атқарылуда. Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің ерекше қолдауымен 2022-2025 жылдары 1 600

млрд теңгеге салынған теміржол үстінен өтетін аспалы көпір – осындай байыпты бастамалардың жалғасы. Бүгін ел игілігіне табыстатын жаяу жүргіншілерге арналған көпірді Өйтеке би кентінің арғы бетінде тұратын 13 мыңнан астам тұрғын қолданады. Бұл өткел арқылы 2 мыңнан астам адам күнделікті әрлі-берлі қатынайды. Сондықтан да жұртшылықтың темір-

АРДАГЕРЛЕР ТӨРАҒАСЫ ӨЗГЕРМЕДІ

Қызылорда қаласындағы «Достық үйінде» облыстық ардагерлер кеңесінің кезекті ІХ конференциясы өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев,

қалалық, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалары және қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде облыстық ардагерлер кеңесінің атқарған жұмыстары мен алдағы міндеттері, кеңестің тексеру комиссиясының есебі, сайлау мәселелері қаралды.

Жиында облыс әкімінің орынбасары М.Шермағанбет Ұлттық құрылтайдың V отырысында көтерілген маңызды бастамаларға тоқталып, ардагерлерге көрсетілетін тұрақты қолдаулар жайлы айтты.

– «Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Кемелұлы: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр. Былтыр аймақтың ішкі жалпы өнімі 6,5 пайызға өсті. Үш жылда 2 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылды. Былтыр

27 инвестициялық жоба жүзеге асырылды» деп, өңіріміз үшін айрықша мәнге ие маңызды бастамаларды атап өтті. Қызылорда қаласында драма театрдың жаңа ғимаратының, тәулік бойы жұмыс істейтін Президенттік кітапхананың құрылысы басталатыны белгілі болды.

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халық-аралық автодөлізінің «Қызылорда – Ақтөбе» бағытындағы бөлігін кеңейту, «Бейнеу – Сексеуіл» автомобиль жолының құрылысын бастау – көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамытудағы аса ауқымды жобалар.

Күні кеше Ұлттық құрылтайдың қорытындысы бойынша Олжас Абайұлының төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Жиында біздің облысқа қатысты мәселе-

лер қозғалып, салалық министрліктерге нақты тапсырмалар берілді.

Мемлекет басшысы мен Үкіметтің ерекше қолдауы бізді жаңа жетістіктерге жетелейді, еселенген жауапкершілік жүктейді», – деді М.Шермағанбет.

Басқосуда Қазақстан Республикасы ардагерлер ұйымының ІХ съезіне бекітілген квота бойынша 4 делегат сайланды. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан кеңестің белсенді мүшелері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Аймақта қарттарды әлеуметтік қолдау мен медициналық қызмет сапасын арттыруда жүйелі жұмыс жүргізілуде. Соңғы үш жылда Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне жыл сайынғы бір реттік әлеуметтік көмек 1,5 млн. теңгеден 5 млн. теңгеге, ал оларға теңестірілгендерге және тыл ардагерлеріне берілетін көмек 90 мыңнан 196 мың теңгеге дейін артты.

Өткен жылы 1 700-ге жуық ардагерге бір реттік көмек көрсетілді. Бірнеше жылдан бері «Сыр мейірімі» жобасы аясында 225 жалғызбасты қарт, әлеуметтік осал топтағы азаматтар күнделікті ыстық тамақпен қамтылады.

Меценаттардың қолдауымен 130-дан астам ардагер еліміздің түрлі шипажайларында демалды. Жыл сайын 2 мыңнан астам егде жастағы азаматқа арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету үшін бюджеттен 2,9 млрд. теңге бөлінеді.

АУРУХАНАҒА ЖАПСАРЛАС ҒИМАРАТ САЛЫНДЫ



Арал ауданындағы инфрақұрылымдық жобаларға және әлеуметтік нысандар салуға бюджеттен 38 млрд. 740 млн. теңге қаржы бөлінді. «Келешек мектебі», «Руханият орталығы», «Қамқорлық» оңалту орталығы, 150 пәтерлік 75 тұрғын үй, теміржол үстінен өтетін көпір пайдалануға берілді.

Сексеуіл кенті табиғи газ желісіне қосылып, мұнда да 300 орындық «Келешек мектебі» мен 40 төсектік аурухана іске қосылды. Тоқабай ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория, демеушілердің қолдауымен апатты жағдайдағы мектептің орнына 500 млн теңгегежаңа білім ошағы салынды. Жақында елді мекен таза ауыз сумен қамтылды.

Ақшатау ауылында 60 орындық жаңа мектепшәкірттерін қабылдады. Ақбасты, Ерімбетжаға және Тастүбек ауылдарына орталықтандырылған ауыз су желісі тартылды. Ал Абай ауылы тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету жұмыстары жақын күндері толық аяқталады.

Шижаға елді мекеніне де табиғи газ келді.Қамыстыбас ауылында6 млрд. 300 млн. теңгесі қаржығаавтоматтандырылған газ тарату стансасы іске қосылды. Аталған станса арқылы Арал ауданына қарасты 18 елді мекендегі 15 мыңға жуық тұрғынды көгілдір отынмен қамтуға мүмкіндік бар.

Жыл басында Мергенсай ауылында құрылысына 2 млрд. 333 млн. теңге қаржы бөлінген 150 орындық жаңа мектеп

пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, «Қазақстан Темір жолы» ұлттық компаниясының қолдауымен аудан аумағындағы теміржол вокзалдарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Күні кеше Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламенті Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров пен облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тлеумбетов, «Петро Қазақстан Күмкөл Ресорсиз» АҚ вице-президенті Серік Қожаниязов Арал аудандық ауруханасына жапсарлас салынған 51 төсектік ғимаратты көріп, жұмысымен танысты.

Ғимарат құрылысын «Ұлт саулығын нығайту» ұлттық бастамасы аясында қайтарылған активтер есебінен бөлінген 2,3 млрд. теңге қаржыға «Иман» серіктестігі салды. Жаңа нысанда 17 төсектік нейро-инсульт және 34 төсектік кардиология бөлімшелері жұмыс істейді.

Алдағы уақытта орталықты заманауи медициналық құрал-жабдықтармен, атап айтқанда,магниттік-резонанстық томография және ангиограф қондырғыларымен жабдықтау жоспарланған. Бұл бөлімшелер аудан тұрғындарының Ақтөбе және Қызылорда қалаларына бармай-ақ, жергілікті жерде жоғары деңгейлі медициналық тексеруден өтуіне, ем алуына мүмкіндік береді.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ АШЫЛДЫ

Қазалы ауданы Бекарыстан би ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылу рәсіміне қатысқан аймақ басшысы Н.Нәлібаев спорт саласын өркендетуде, жұртшылықты салауатты өмір салтына ынталандыруда атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– «Кеше ғана Сыр елінің бас шаһарында өткен құрылтай отырысында ел тарихына алтын әріппен жазылатын, келешек ұрпақ айта жүретін маңызды шешімдер қабылданды. Бұл шешімдер еліміздің саяси, әлеуметтік, және экономикалық дамуына серпін беріп, халқымыздың болашаққа деген сенімін арттырып, ұлт бірлігін нығайтуда маңызды қадам болатыны сөзсіз.

Мемлекет басшымыздың ерекше қолдауы баршамаңызды жана жетістіктерге жетелейді, еселенген жауапкершілік жүктейді. Президентіміздің ауылды дамыту, аймақтардың әлеуетін арттыру, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, оларды елдегі саяси-экономикалық процестерге белсене қатыстыру жөніндегі бастамалары стратегиялық маңызға ие.

Аймағымызда тұрғындардың бұқаралық, кәсіби спортпен шұғылдануына барлық жағдай жасалуда. 2022 жылдан бері 24 спорт нысаны, атап айтқанда, Орталық стадион, Теннис, Инклюзивті спорт орталықтары, 21 спорт кешені салынды. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде тағы 4 спорт кешені ашылады. Міне, бүгін 429 млн. теңгеге бой көтерген сол кешенің бірін Өздеріңізбен бірге ел игілігіне табыстаймыз. Ауыл спортын одан әрі дамытуға бағытталған жаңа нысан баршаңызға құтты болғай!», - деді Н.Нәлібаев.

Рәсімде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан аға буын мен сала қызметкерлері, ғимаратты сапалы етіп салған мердігер мекеме өкілдері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Еңбек ардагері Болат Сәдуаов бата берді.

Мемлекет басшысы аймақтарда спорт инфрақұрылымын дамытып, стадиондар мен спорт кешендерін салуды тапсырғаны белгілі.

Бүгінде облыс орталығындағы ірі жобалардың бірі - аумағы 25 мың шаршы метр болатын «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы. «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірлесіп «Теннис орталығы», 11 мың орындық жаңа стадион, балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы, «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жаңа спорт кешендері, Инклюзивті спорт орталығы ел игілігіне табысталды. Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы алаңы мен Жалағаш ауданының орталық стадионы күрделі жөндеуден өтті. Жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен орнатылған 80 спорт-ойын алаңы ел игілігіне қызмет етуде.

Үкімет пен әкім

ҮЗДІК 50 ЕЛДІҢ ҚАТАРЫНА КІРЕ АЛАМЫЗ БА?

Осы аптаның сөйсенбісінде Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысы алға қойған міндеттер шеңберінде туризмді дамыту мәселесі қаралыпты.

Жиын басында Үкімет басшысы О.Бектенов: – «Былтыр Президент азаматтардың көптеген шағымдарынан соң Алакөлдің айналасындағы, сондай-ақ жалпы еліміздегі туристік дестинациялардағы инфрақұрылым мен сервистің нашарлығын, қарапайым қауіпсіздік ережелерінің сақталмауын қатаң сынға алды», — деп атап өтіп, осы сын нәтижесінде Үкіметтің атқарған жұмыстарына тоқталыпты.

Мәселен бірқатар өңірлерде, атап айтқанда Жетісу облысындағыдай, туризм саласында тұрақты жұмыс істейтін жедел штабтар құрылды; Алакөлге жақын маңдағы елді-мекендерде су бұру және жағалауды бекіту ісі қолға алынды; Шығыс Қазақстан облысында танымал туристік аймақтарда коммуналдық қызметтердің жұмысы жолға қойылды.

Бәлкім осы жұмыстардың арқасында болар Дүниежүзілік экономикалық форумның жандандық индексында бұрын 66-шы орында болған Қазақстан 119 елдің ішінен 52-ші орынға көтерілді. Мақсат – үздік 50 елдің қатарына кіру.

Үкімет басшысының айтуынша туристік аймақтарда жүргізілген кешенді тексерулер бұл салада әлі де жүйелі мәселелердің барын анықтаған. «Атап айтқанда, көптеген нысандарда интернет сапасы нашар. Жұмыстар әлі жоспарланып жатыр немесе қаржыны өте баю.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды бұзу фактілері жиі көтеріледі. Көптеген кәсіпкерлер қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды құжаттарды керек қылмайды. Мәселен, Қарағанды облысында қазіргі таңда 149 көпшілік демалыс орнының ішінде 80 нысан ғана санитариялық-эпидемиологиялық қызметтердің қорытындысын алған. Ал, 28 жағажайдың тек 3-еуіне тиісті ұйғарым берілген.

Бұдан басқа көпшілікке танымал және шалғайда орналасқан туристік дестинацияларға көлікпен жету мәселесі мен жол бойындағы сервиске қатысты үлкен сұрақтар бар.

Кей жерлерде энергия қуаты жетіспейді. Тәулік бойы жұмыс істейтін медициналық бекеттерді, құдық қорғау органдары мен құтқару қызметтерін ұйымдастыру ісі барлық жерде бірдей шешімін таппай келеді.

Туристік нысандарға жақын дәмханалар мен дүкендерде бағалар сол күйі қымбат.

Шашылып жатқан қоқыстарға, демалыс орындарына апаратын жолдар мен көлік тұрақтарының жоқтығына қатысты туристер тарапынан түсіп жатқан шағымдар көп».

Енді не істеу керек? Мәселені шешу үшін жедел үйлестіру кеңесі құрылатын болды. О.Бектеновтің өз сөзімен айтар болсақ:

– «Осындай мәселелерді шешу үшін барлық әкімдіктің, “Атамекен” палатасының, әр өңірден туризм саласындағы ірі кәсіпкерлердің, сондай-ақ тиісті сарапшылардың қатысуымен Жедел үйлестіру кеңесін құру қажет. Оған Аида Ғалымқызы басшылық етеді».

ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР БӨЛІМШЕСІ АШЫЛДЫ



Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, пен облыстық мәслихаттың төрағасы Мұрат Тілеумбетов, «Петро Қазақстан Құмкөл Ресурсиз» АҚ вице-президенті Серік Қожаниязов, зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер Арал аудандық көпбейінді орталық ауруханасының 25 төсектік жұқпалы аурулар бөлімшесінің ашылу салтанатына қатысты.

Жұқпалы аурулар бөлімшесінің құрылысы қайтарылған активтер есебінен 2,3 млрд. теңгеге қаржыландырылды. Оған қоса аудандық аурухана жанынан «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында кардиология және инсульт бөлімшелері орналасқан қосымша құрылыс аяқталып, халық игілігіне берілді. Оған да қайтарылған активтер есебінен 2,1 млрд. теңге бөлінді.

Кейінгі уақытта 206 млн. теңгеге құрал-жабдықтар алынып, аурухананың материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Енді аудан тұрғындары облыс орталығына немесе басқа қалаларға сабылмай, сырқаттанғандарға маман-даңдырулар көмек көрсету үшін ашылған жергілікті жердегі бөлімшеде толыққанды ем алады.

Аймақ басшысы саладағы жаңашылдықтарға, халыққа медициналық қызмет көрсету сапасын жақсартуда атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– «Президентіміз «Денсаулық сақтау жүйесін дамыту, ең алдымен, азаматтардың әлауқатын көтеруге бағытталған. Өйткені медицинаның деңгейі мен қолжетімділігі – еліміздегі өмір сапасының негізгі көрсеткіші», – деген болатын.

Мемлекет басшымыздың тапсырмасымен, Үкіметтің қолдауымен денсаулық сақтау саласын дамытуға, халықтың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыруға бағытталған кешенді шаралар нәтижелі жүзеге асуда.

Ұлт саулығы – мемлекетіміздің негізгі капиталы десек, баға жетпес қазынаны қызғыштай қорып жүрген медицина саласы қызметкерлерінің адал ісін жоғары бағалаймыз, әрдайым құрметпен қараймыз.

Ел игілігіне табысталатын жұқпалы аурулар бөлімінің жаңа ғимараты, ондағы дәрігерлер науқастың дертіне дауа, көңіліне рауан беріп, халық ықыласына бөленеді деп сенеміз», – деді Н.Нәлібаев.

Салтанатты жиында ауданның есіп-өркендеуіне үлес қосқан медицина саласының қызметкерлері мен мердігер мекеменің құрылысшылары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Наурызбай Байқадамов, Ризабек Ожаров құттықтау сөз сөйлеп, жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.

Соңғы үш жылда облыстың денсаулық сақтау саласына 450 млрд. 100 млн. теңге қаржы бөлініп, халықтың сұранысына сәйкес түйткілді мәселелер шешімін тауып келеді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында барлық ауданда 28 медициналық нысан салынды.

Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухана бой көтеруде, 4 аудандағы орталық ауруханалар жанынан қосымша ғимараттар ашылды.

Өткен жылы Шиелі ауданында жұқпалы аурулар бөлімшесінің жаңа ғимараты ел игілігіне табысталған болатын. Қызылорда қаласынан 200 орындық перинаталдық орталық пен 500 орындық емхана салуға Үкімет тиісті қаулы қабылдады. Жақын күндері құрылысы басталады. Бұдан бөлек, 400 орындық емхананың да іргетасы қаланады.



Тұрғындар сұранысына сәйкес соңғы екі жылда жергілікті бюджет қаржысына 225 жаңа санитарлық автокөлік, 45 жедел жәрдем көлігі алынып, пайдалануға берілді. Барлық елді мекендегі денсаулық сақтау мекемелері арнайы қызметтік автокөлікпен 100 пайыз қамтамасыз етілді.

Кейінгі жылдары 24 медициналық нысан күрделі жөндеуден өткізілді, 15 млрд. теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды. Жабдықталу деңгейі 2022 жылы 83,2 пайыз болса, бүгінде бұл көрсеткіш 90,2 пайызға жетті.

САРБҰЛАҚ АУЫЛЫНА АУЫЗ СУ БЕРІЛДІ

Қазалы ауданындағы Сарбұлақ ауылына ауыз су қосу рәсімі өтіп, оған Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, зиялы қауым өкілдері мен ауыл тұрғындары қатысты.

Президент тапсырмасымен мемлекетке қайтарылған активтер есебінен аймақта денсаулық сақтау, білім беру, спорт және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту бағытында әлеуметтік жобалар жүзеге асуда.

Өткен жылы Қазалы ауданының бюджеті 27 млрд. теңгеге жетті. Ал соңғы үш жыл ішінде аудан экономикасына шамамен 80 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартылған. 2022-2024 жылдары «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 31 млрд. 600 млн. теңгеге өңірдегі 78 ауылдың әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 343 жоба жүзеге асты. Өткен жылы 41 елді мекендегі 66 жобаға 15 млрд. 155 млн. теңге қаралды. Мемлекет басшысының елді мекендерді түгелдей орталықтандырылған сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету тапсырмасы 100% орындалды.

Аталған жоба аясында Сарбұлақ, Шилі, Шөкен және Шитүбек елді мекендерін ауыз су желісіне қоспа республикалық, облыстық бюджеттен және қайтарылған активтер есебінен 1,5 млрд. теңге қаржы бөлініп, бүгінде құрылыс жұмыстары толық аяқталды.

Енді Сарбұлақ ауылына таза ауыз су келіп, шалғай елді мекеннің тұрғындары көптен күткен игілікке қол жеткізді. Нәтижесінде Қазалы ауданының халқы 100 пайыз таза ауыз сумен қамтылды.

Облыстық мәслихат төрағасы сарбұлақтықтарды құттықтап, ауылдарға, әсіресе шалғай елді мекендерге инфрақұрылым игіліктерін жеткізудегі жетістіктерді атап өтті.

– «Сыр елінің бас шаһарында өткен, егемен еліміздің болашағы үшін маңызды шешімдер қабылданған Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы тарихымызға алтын өріппен жазылды. Қабылданған шешімдер халқымыздың болашаққа деген сенімін арттырып, ұлт бірлігін нығайтады.



Алқалы жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай есіп-өркендеп жатыр» деп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

«Қуатты өңір – қуатты ел» қағидаты шалғай елді мекендерге ауыз су, газ тартылуына, жол мен заманауи әлеуметтік нысандар салынып, тұрмыс сапасын жақсартуға оң ықпал етуде. Осы орайда Сарбұлақ ауылын таза ауыз су желісіне қосу жұмыстарымен айналысқан мердігер «Дәнекер» мекемесіне, игі іске атсалысқан барша азаматтарға шынайы ризашылығымызды білдіремін. Таза ауыз судың келуі тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартта түседі деп сенеміз», – деді Мұрат Жолкелдіұлы.

Рәсімде ауылдың өркендеуіне үлес қосқан аға буын ардагерлерге, ауыз су жүргізген мердігер мекеме қызметкерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Наурызбай Сейтқалиұлы сөз сөйлеп, ауыл ақсақалы Сердалы Сағымбаев батасын берді.

БАЙҚОҢЫРЛЫҚТАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Константин Бусыгин, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, зиялы қауым өкілдері, ардагерлердің қатысуымен Байқоңыр қаласындағы 250 пәтерлік 5 тұрғын үйді табыстау рәсімі өтті.

Рәсімде аймақ басшысы жаңа қоныс иелерін құттықтап, өңірдегі құрылыс, әсіресе, тұрғын үй құрылысының қарқынын атап өтті.

– «Кеше өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай есіп-өркендеп жатыр» деп, Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Ұлттық құрылтайдың осыдан 100 жыл бұрын Алаш

қайраткерлерінің бастамасымен қазақ атауы қайтарылған Қызылорда қаласында өтуі тарихи мәнге ие.

Мемлекет басшымыздың, Үкіметтің қолдауымен аймағымыз қарқынды құрылыс алаңына айналды. 2022 жылдан бері 200-ге жуық әлеуметтік нысан салынып, ел игілігіне берілген. Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік әлеуметтік саясат нәтижелі іске асуда.

Қармақшы ауданында 2023-2024 жылдары 2 млрд. 848 млн. теңгеге 207 пәтерлік 103 тұрғын үй сатып алынып, кезекте тұрған азаматтарға берілді. Өткен жылдың соңында Жосалы кентіндегі 50 пәтерлік 25 жаңа тұрғын үйдің кілтін табыстадық.

Мердігердің салғырттығынан

құрылысы 2021 жылы шілде айында басталып, кейін тоқтап қалған Байқоңыр қаласындағы 50 пәтерлік 5 тұрғын үйді аяқтау үшін облыстық бюджеттен 2 млрд. 433 млн. теңге қаржы бөлінді. Тұрғын үйлер өткен жылдың соңына таман, желтоқсан айында салынып бітті. Бүгін сол пәтерлердің кілтін өздеріңізге беруге жиналды.

Жаңа қоныс – игіліктің бастауы. Баспаналарыңыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, әр отбасының шаңырағы татулық пен берекеге толы болғай!», – деді Н.Нәлібаев.

Жиында аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар Қызылорда облысының Құрмет грамотасымен, Қармақшы ауданының, Байқоңыр қаласының



Денсаулық сақтау министрі А.ӘЛНАЗАРОВА:

“САЛАМАТТЫ МЕКТЕП” ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

■ *Осы аптада өткен Үкімет отырысында “Қазақстан балалары” тұжырымдамасының қабылдануына орай жоғары технологиялық-медициналық көмекті дамыту барысы туралы Денсаулық сақтау министрі А.Әлнazarова баяндама жасады. Министр баяндамасын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.*

Бүгінде Қазақстан балалардың әл-ауқаты индексінің «Денсаулық» бағыты бойынша әлемнің үздік 30 елінің қатарына кіріп отыр. Балалардың денсаулығын қорғау мен өмір сапасын арттыру үшін нақты әрі маңызды шешімдер қабылданды.

Алғаш рет есту қабілеті бұзылған, бірақ мүгедектік мәртебесі жоқ балалар есту аппараттары мен аудиопроцессорлармен қамтамасыз етілуде. Ол бірнеше жылдан бері ата-аналар тарапынан қозғалып келген түйткілді шешімдердің бірі. Дәл осылай алғаш рет бет қаңқасы мен басының туа біткен анатомиялық ақаулары бар балаларға генетикалық скринингтер, реконструктивтік және пластикалық операциялар жүргізу де заңмен бекітілді. Нәтижесінде күрделі диагноздар ерте анықталып, мүгедектіктің алдын алуға жол ашылды. Кератопластика бойынша трансплантациялау тізбесі де кеңейтілді. Балалардың уақытша қозғалысы шектелген кезеңдерде көмекші техникалық құралдарды

алуына, көмелетке толмаған тусықан донордан сүйек кемігін транспланттауға, сондай-ақ ем алу үшін басқа өңірге шыққанда жол жүру шығындарын өтеуге қатысты жаңа заңнамалық нормалар бүгінде Мәжілістің қарауында.

Балаларға көрсетілетін медицина-лық көмектің сапасын жетілдіру мақсатында 2 жылда 24 стандарты жаңартылды. Алғаш рет сирек кезде-сетін орфандық аурулар стандарты әзірленіп, балаларға паллиативтік көмек көрсету стандарты бекітілді. Сонымен қатар салмағы аз боп туған нәрестелерді күтуге және балаларға арналған басқа да медициналық бағыттары бойынша қызмет тарифтері 40%-ға дейін артты, алдағы уақытта 19 бейіннің тарифтері қайта қаралады.

Бұрын тек ересектерге жасалып келген «гамма-пышақ» аппаратындағы радиохирургиялық операциялар енді балаларға да жүргізіле бастады. Ол — күрделі ми ісіктері мен басқа да қауіпті диагноздарды ашық опера-циясыз, қауіпсіз әрі дәл емдеуге мүмкіндік береді. 400 балаға есту импланттары орнатылып, олар алғаш рет дыбысты естіп, сөйлеу қабілетін дамыту мүмкіндігіне ие болды. Жыл сайын орта есеппен 700 шала туған нәрестеге ретинопатияны түзету жүргізіледі. Сонымен қатар жыл сайын 2 мыңнан астам балаға кардио-хирургиялық операциялар жасалып, жүрек ақаулары дер кезінде түзетілуде. Осылайша, жоғары технологиялық

медициналық қызметтердің енгізілуі балалардың өмір сапасын жақсарта отырып, соңғы үш жылда шетелге туыс емес донордан бағаналы жасушаларды трансплантациялауға балаларды жіберу 3 есеге, ал кардиохирургиялық емге жолдау 5,2 есеге қысқарды және де бұл қадамдар балалар арасындағы мүгедектік деңгейін 11%-ға төмендетуге мүмкіндік берді. Осы жылы елімізде протондық, йодтерапия және тамырлы ақауларды емдеу толық қолжетімді болады. 2025 жылы еліміздегі емханалардың 80%-да педиатриялық бөлімшелер ашылып, балаларды ерте кезеңнен бақылау күшейтілді, 336 даму және ерте араласу орталығы құрылып, ауытқуларды дер кезінде анықтау мүмкіндігі артты.

Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, өңірлерде бейіндер бойынша төсек-орындарды қайта бөлу жұмыстары жүргізілуде. Нәтижесінде оңалтуды 10 күннен артық күту мерзімін азайту және бұл көмекті 100% қолжетімді ету күтіледі. Сонымен қатар елімізде заманауи перинаталдық орталықтар желісін дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдандуда. Бүгінгі күні Астана қаласында перинаталдық орталықтың құрылысы жүріп жатыр. 2025 жылы Шымкент қаласы мен Түркістан облысында екі перинаталдық орталықтың жобалау жұмыстары аяқталса, 4 өңірде жобалар әзірлену үстінде Ал Қызылорда мен Орал қалаларында жаңа нысандарды салу үшін үлгілік жоба бейімделуде.

Еліміздегі барлық мектептер емха-наларға бекітілген, онда 6300-ден астам медициналық пункт жұмыс істейді. Жалпы, медициналық пункт-тердің жабдықталуы 19%-ға артып, 93%-ды құраса, мейіrbикелермен қамтылу 9%-ға жақсарып, 95%-ды құрап отыр. Дегенмен, мектептердің медицина қызметкерлері жазатайым оқиғалар кезінде ғана емес, жүректің кенеттен тоқтауы секілді шұғыл жағдайда да көмек көрсетуге дайын болуы тиіс. Сондықтан мектептерді дефибрилляторлармен қамтамасыз ету өте маңызды. Осы орайда, әкімдерден жарақтандыруға тиісті қаржыландыру қарастыруын сұраймын. 2025 жылы білім беру ұйымдарында оқушылардың жас ерекшеліктері мен физиологиялық қажеттіліктерін ескеретін теңгерімді тамақтануға бағытталған жаңа стандарт қолданыс-қа енгізілді. Қазіргі уақытта 10-18 жас аралығындағы балаларға аймақтарда 85 жастар денсаулық орталықтары, 97 бастапқы психикалық денсаулық орталығы жұмыс істеп тұр, онда тегін консультациялық көмек ала алады. 2024 жылы Денсаулық сақтау Ко-дексіне электрондық темекі мен вейп айналымына толық тыйым салу жөніндегі норма енгізілді, сондай-ақ тыйым салуды бұзғаны үшін қылмыс-тық жауапкершілік көзделді. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 21 жасқа толмаған адамдарға энергетикалық сусындарды сатуға тыйым салынды, ал осы жылғы 1 қаңтарда оған

әкімшілік жауапкершілік енгізілді.

Қабылданып жатқан шаралар кешені Қазақстанға жұқпалы емес аурулардан болатын мезгілсіз өлімді 25%-ға қысқартуға қол жеткізіп, ДДҰ-ның Еуропалық өңіріндегі осы мақсатқа жеткен 9 елдің қатарына қосылуға мүмкіндік берді. Бүгінде 3500-ға жуық мектеп қатысатын балалардың денсаулығын нығайту үшін «Саламатты мектеп» жобасы жүзеге асырылуда. Алайда, осы бастамаға өңірлердегі мектептердің аз тартылуы байқалады. 2028 жылға дейін жалғасатын «Болашаққа сау тіспен» жоба аясында былтыр мектептерде 125 стоматологиялық кабинет ашылды. Алдағы 3 жыл ішінде қосымша 862 кабинет ашу жоспарлануда.

Балабақша мен мектепке бару кезінде пайдаланылатын балалар денсаулығының электрондық паспорты іске қосылды. Былтыр алынған профилактикалық егулер, медициналық шектеулер цифрлық форматқа көшірілді, енді ата-аналар барлық деректерді мобильді қосымша арқылы көре алады. Сонымен қатар «Мектеп медицинасы» жеке модулі пысықталуда. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауының арқасында ауқымды әрі жүйелі шаралар жүзеге асырылды, бүгінде елімізде балаларға медициналық көмектің барлық түрі қолжетімді. Нәтижесі ретінде соңғы 2 жылда нәресте өлімінің деңгейін 13%-ға, балалар өлімін 5,5%-ға төмендегенін атап айтқым келеді.

СОЛТҮСТІК АРАЛ ҰЛҒАЯДЫ

Президенттің Ұлттық құрылтайда айтыл-ған тапсырмаларын орындау шеңберінде теңізді сақтау жөніндегі шаралары туралы өткен Үкімет отырысында Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов баяндаған.

Оның баяндауында Мемлекет бас-шысы Ұлттық құрылтайда Солтүстік Арал теңізін сақтау және гидроэнергетика әлеуетін пайдалану мәселесін көтеріп, су ресурстары – энергетикалық жүйенің сенімділігін қамтамасыз етудің маңызды резерві екенін атап өтті. Министрдің сөзінше Арал теңізін сақтау мәселесі мемлекеттік су саясатының басым міндеттерінің бірі болып қала береді. Өткен жылы Өзбекстан Республикасымен трансшекаралық су объектілерін бірлесіп басқару және ұтымды пайдалану туралы келісімге қол қойылды. Бұл келісім он жылдық келіссөздердің нәтижесі. Осылайша, Қазақстан көршілес мемлекеттердің барлығымен трансшека-ралық сулар мәселесі бойынша құқықтық базаны қалыптастыруды аяқтады. Осы құқықтық негізде екіжақты комиссиялар құрылып, тұрақты өзара іс-қимыл мен үйлестіруді қамтамасыз етуде. Дәл осы су дипломатиясы мен Сырдария өзеніндегі су қоймаларының келісілген жұмыс режим-дерінің нәтижесінде соңғы су аз жыл-дарында да Солтүстік Арал теңізіне тұрақты су түсуі қамтамасыз етілді.

– Нәтижесінде Солтүстік Аралдың көлемі 2023 жылдың басындағы 18,4 млрд. текше метрден қазіргі уақытта 23 млрд. текше метрге дейін ұлғайды. Солтүстік

Арал теңізін сақтау жобасының екінші кезеңін әзірлеу аяқталуға жақын. Бұл Көкарал бөгетін қайта құруды және теңіз деңгейін Балтық жүйесі бойынша 44 метрге дейін көтеруді көздейді. Солтүстік Аралдың ауданы 3 913 шаршы шақырымға, ал көлемі 34 км³-ге дейін артады. Теңізді осы белгілерге дейін толтыру мерзімі 4-5 жылды құрайды», — дейді министр.

Бұдан бөлек, министрлік Арал – Сырдария бассейнінде Түркістан және Қызылорда облыстарындағы суару жүйелерін жаңғырту және автоматтандыру бойынша 167 жобалық-сметалық құжат-тамаы әзірлеуде. Сонымен қатар өңірде су үнемдеу технологиялары белсенді енгізілуде. Соңғы жылдардың қорытындысы бойынша Түркістан және Қызылорда облыстарында 143,1 мың гектар жерге енгізілді, бұл шамамен 500 млн. текше метр су үнемдеуге мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта Көкарал бөгетінің, сондай-ақ Арал бассейнінің бүкіл су шаруашылығы секторының жобаларын жүзеге асыру үшін халықаралық қаржы ұйымдарымен келіссөздер жүргізілуде. Биылғы жылдың соңына дейін іс-шараларды жүзеге асыруға қаржыландыру жоспарланған. Солтүстік Арал теңізін сақтау және қалпына келтіру тек экологиялық қана емес, әлеуметтік және стратегиялық міндет болып саналады. Үнемделген су ресурстарының бір бөлігін экожүйелерді қолдауға бағыттау – өңірдің тұрақтылығына, халық денсаулығына және келесі ұрпақтардың болашағына қосылған үлес.

СӘБІЗ, ЖҮГЕРІ, ҚАРАҚҰМЫҚ ЕГІСІ ҰЛҒАЯДЫ?

Санаулы күндерден соң ақпан айы басталады. Ақпан айы басталды дегенше наурыз келіп, көктем басталады дей бөріңіз. Желтоқсан, қаңтар ауылда қантарылып жатқан дихандар ақпанда қыс демалыстарын аяқтап, көктем қамына кіріседі. Біздің Үкімет те елдің алдына түсіп, көктемгі егісін қыс ойлай бастады.

Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұмангалиннің төрағалығымен көктемгі егіс жұмыстарын даярлау және өткізу жөніндегі жедел штабтың отырысы өтті. Осы отырыста Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтановтың хабарлауынша, 2026 жылы өңірлер әлеуметтік маңызы бар көкөністердің, ең алдымен картоп пен сәбіздің егіс алқаптарын ұлғайтуы қажет екен.

Оның айтуынша, өткен жылы картоп егісін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізіліп, ұйымдасқан шаруашылықтардағы егіс көлемі 12,5 мың гектарға ұлғайған.

– «Онім көлемі нарықтағы баға тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты өңірлер түпкілікті егіс құрылымын бекіту кезінде сәбіз егісін ұлғайту міндетін ескеруі қажет», — деп атап өтіпті вице-министр. Сондай-ақ болжамды егіс құрылымында қарақұмқы егіс алқаптарын кезек-кезегінше ұлғайту көзделген. 2026 жылы оның егісін 10 мың гектарға – 101 мың гектарға дейін кеңейту жоспарланған.

Жауы егісін кеңейтуде де ерекше назар аударылыпты. Аландардың айтарлықтай ұлғаюы Жамбыл облысында жүгеріні терең өңдеу бойынша Fufeng Group компаниясының жана тік интеграцияланған өнеркәсіптік паркін, сондай-ақ Түркістан облысындағы «Қазқархмал» ЖШС-нің крахмалды сірне өндіру зауытын шикізатпен қамтамасыз ету үшін қажет екен.

Жедел штаб отырысында жана өндірістердің қажеттілігін тек онтүстік өңірлер есебінен қамтамасыз ету мүмкін еместігі атап өтілген. Осыған байланысты үш солтүстік астық егетін өңірде жүгері егіс алқаптарын әрқайсысында орта есеппен 15 мың гектарға ұлғайту міндеті де қойылыпты.

Ауыл шаруашылығы министрлігі өз тарапынан Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығымен және Мемлекеттік сорт сынау комиссиясымен бірлесіп, өңірлерге әдістемелік және технологиялық қолдау көрсетуге дайын екенін білдірді. Бұл солтүстік өңірлердің жағдайына бейімделген өсіру технологияларын енгізу және сәйкес сорттарды іріктеу бөлігінде жүзеге асырылады.

Министрлік жүгері өсіруде практикалық көмек көрсетуге дайын екенін білдірген қытайлық компаниямен кездесу өткізді. Қытай тарапы топырақ-климаттық жағдайлары ұқсас Қытайдың солтүстік өңірлерінде жүгері өсіру тәжірибесімен бөлісуге, сондай-ақ осындай жағдайларға бейімделген технологиялар мен сорттарды ұсынуға дайын. Осыған байланысты өңірлерге халықаралық тәжірибені ескере отырып, жүгері егісін кеңейту бағытындағы жұмысты жандандыру ұсынылды.

Сондай-ақ өңірлерде минералды тыңайтқыштарды жөнелту басталғаны атап өтілді. Ауыл шаруашылығы министрлігі «Казфосфат» ЖШС-мен 2026 жылы аммофостың қосылған құн салығын есептемегендегі тонасына 254 мың тонне деңгейінде (өткен жылмен салыстырғанда 15%-ға жоғары) бекітілген баға белгілеу туралы меморандумға қол қойды. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен шарттар жасасу және жеткізу кестелерін келісу жұмыстары жүргізілуде.

«ҚЫЗЫЛОРДА АРЕНА» ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАНДАЙ?

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Теролиевпен бірге «Қызылорда Арена» көп-функционалды спорт кешенінің құрылыс барысымен танысты. Аумағы 25 мың шаршы метр болатын нысан 3 және 4 қабатты блоктардан тұрады. Бас мердігер «ASPAN HOLDING», бас жоба-лаушы «Жоба», техникалық қада-ғалаушы «Строй-Проф» серіктес-тіктері.

Кешен олимпиадалық стан-дарттарға сай келетін 50 метрлік бассейнмен, Азия, Әлем чемпио-наттары сияқты ауқымды жарыс-тар өткізуге арналған 2500 орын-дық зал, олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдарымен қамтылады. Құрылысы биылғы жылдың екінші жартыжылдығында аяқталады.

Өңірде 2022 жылдан бері өңірде 24 спорт нысаны салынды. Енді тағы да «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында елді мекендерде тағы 4 спорт кешені ел игілігіне табысталады.

Мемлекет басшысының аймақтарда спорт инфра-құрылымын, оның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу туралы тапсырмасына сәйкес 11 мың орындық жана стадион ашылды. УЕФА-ның IV санатты сертификатын алған жана нысанда ауқымды спорттық шараларды өткізуге барлық мүмкіндік жасалған.



Ерлер мен әйелдерге арналған «Қызылорда бокс клубы», балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары», шығармашылық-инновациялық академиясы, «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірлесіп «Тенис орталығы», «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен Шиелі, Жалағаш аудандарында жана спорт кешендері ашылды. Қызылорда қаласында ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған заманауи «Инклюзивті спорт орталығы» ел игілігіне табысталады.

Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен Қызылорда қаласындағы F. Мұратбаев атындағы стадионның қосалқы аланы мен Жалағаш ауданының орталық стадионы күрделі жөндеуден өтті. Жергілікті кәсіпкерлердің демеу-шілігімен 80 спорт-ойын алаңы орнатылған.

БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАЙТЫН БАСҚАРМА БОЛАДЫ

Қазақстан халқының 34%-ы балалар екен, яғни еліміздегі халықтың үштен бір бөлігі, 7 миллиондайы балалар. Кезекті Үкімет жиынында осы балаларға қатысты тұжырымдама қабылданды.

– «Еліміздің болашағы отаншыл, жасампаз ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Сондықтан да Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда “Қазақстан балалары” бірыңғай тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырды. Балаларға жан-жақты қамқорлық жасау – біздің басты басымдықтарымыздың бірі. Бұл орайда мемлекет өскелен ұрпақтың өмір сапасын жақсарту үшін кешенді шаралар қабылдап келеді. «Қазақстан балалары» тұжырым-дамасында білім беру, денсаулық сақтау, қауіпсіздік, әлеуметтік қамсыздандыру және отбасының әл-ауқаты саласында бала-лардың құқықтарын қорғау жөніндегі нақты іс-шаралар жоспары қамтылған», — дейді Үкімет басшысы Олжас Бектенов.

Соңғы жылдары балалардың құқықтарын қорғау бойынша бірқатар шара қабылданғаны белгілі.

Ендігі жаңалық: Биылғы жылдың 1 ақпанынан бастап барлық білім беру ұйымына «тосыннан тексеру» қағидаты бойынша ерекше бақылау мен қадағалау жүйесі енгізіледі. Бұл балаларды сауықтыру, олардың қауіпсіздігі мен тамақтану мәселелеріне қатысты. Осыған байланысты Премьер-министр Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту, Мәдениет, Еңбек және әлеуметтік қорғау, Туризм және Ішкі істер министрліктеріне әкімдіктермен бірлесіп, осы жылдың 30 қаңтарына дейін

ерекше бақылау мен қадағалауға жататын нысандар тізілімін дайындауды тапсырды.

Балалардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыру мақсатында қамқоршылық органдары мамандарының жаңа штаттық нормативі енгізілді – 5 мың балаға кемінде бір маман. Бұл олардың санын бір жылда үш еседен астам арттыруға мүмкіндік берді. Осы мамандар қатарынан әр өңірде бала құқықтарын қорғау басқармалары құрылуда.

Бұл ретте Премьер-министр өңірлердің көпшілігінде бұл іске тиісті көңіл бөлінбей отырғанын, сондай-ақ Ақмола, Ақтөбе облыстарында және елордада ғана нәтижелі жұмыс жүргізілгенін атап өтті. Қалған өңір әкімдіктеріне екі ай ішінде бала құқықтарын қорғау басқармаларын құру ісін аяқтау тапсырылды.

Өткен жылдың 1 шілдесінен бері қолданыста болған отбасына орналасты-рудың жана нысаны – баланы қабылдайтын кәсіби отбасы енгізілді. Оларды қамтамасыз етуге тиісті қаражат көзделген. Алайда, бірде-бір облыста жұмыс жүргізілмеген. Өңір әкімдіктеріне бұл бағытта жұмысты жандандыру тапсырылды.

Премьер-министр медициналық мамандардың, дәрі-дәрмектердің жетіспеу-шілігін, балаларды оңалту мәселелері бойынша түсіп жатқан шағымдар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы мамандар – дефектолог, логопед, сурдологтер тапшылығын қоса алғанда, балалардың денсаулығын қорғау саласындағы түйткілді мәселелерге тоқталды.

Балалардың, соның ішінде олардың цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері әлі де өзекті. Көптеген ауыл балалары үйірмелер мен заманауи білім беру технологияларынан тыс қалатыны атап өтілді. Жасөспірімдерге тиісті көңіл бөлінбейді әрі олар өзін дамыту үшін тың мүмкіндіктерден айрылып отыр.

Бұл бағытта жүйелі түрде жұмыс жүргізіп, Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау, Еңбек және әлеуметтік қорғау, Ішкі істер министрліктері мен өңір әкімдіктері арасындағы ведомствоаралық үйлестіруді күшейту қажет.

Тұжырымдамалар көзделген нысаналы индикаторлар балаларды дамытудың, қолдау мен қорғаудың орнықты жүйесін қалыптастыруы тиіс.

Премьер-министр Оқу-ағарту ми-нистрлігіне мүдделі мемлекеттік орган-дармен, әкімдіктермен бірлесіп, Тұжы-рымдамадағы барлық іс-шаралардың сапалы әрі уақтылы орындалуын қамта-масыз етуді, бала құқықтары жөніндегі уәкілмен тиімді өзара іс-қимылды жолға қоюды, сондай-ақ Мәдениет және ақпарат министрлігімен бірлесіп, «Қазақстан балалары» тұжырымдамасын іске асыру бойынша ақпараттық науқанды ұйымдастыруды тапсырды.

Үкімет дауыс беру қорытындысы бойынша «Қазақстан балалары» бірыңғай тұжырымдамасын бекітті.

Жалпы үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға бекітілді.

Үкіметтің, облыс әкімінің баспасөз қызметтерінің ақпараттары бойынша дайындалды

ҰСЫНЫСТАРДЫ КІМДЕР ҰСЫНУДА?

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ ТҮЗЕТУЛЕР ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАУҒА КІРІСТІ

Астанада Конституциялық комиссияның екінші отырысында Ата заңға енгізуге ұсынылған түзетулерді жан-жақты қаралды. Бұл түзетулер қоғам өкілдерінен, саяси партиялардан және сарапшылар қауымдастығынан келіп түскен көптеген ұсыныстардың барлығы ескеріле отырып қалыптастырылды.

ҚР Конституциялық Сотының төрайымы Эльвира Азимованың хабарлауынша, Комиссияға екі мыңнан астам ұсыныс келіп түскен, олардың барлығы біртұтас Жинақталған кестеге біріктірілді.

Отырыс барысында Әділет министрі Ерлан Сәрсембаевтың, Сенат депутаты Нұрлан Бекназаровтың және Мәжіліс депутаты Снежанна Имашеваның баяндамалары тыңдалды. Әділет министрі айтуынша түзетулердің жекелеген блогы болашақ бір палаталы Парламент – Құрылтайдың қызметіне қатысты болады. Мысалы, төрағаны тағайындау тәртібі, депутаттық корпуста қалыптастыру және өзге де рәсімдік мәселелер регламенттеледі. Өз сөзінде Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров бір палаталы Парламентке көшуге байланысты Конституцияның тиісті баптарына көптеген өзгерістер енгізу жоспарланып отырғанын атап өтті.

Ұсынылатын тәртіпке сәйкес Құрылтай Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен бірыңғай жалпыұлттық сайлау округі бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі арқылы сайланатын 145 депутаттан құралады. Депутаттардың өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Мәжіліс депутаты Снежанна Имашева Конституциялық комиссия мүшелеріне бірінші отырыстың қорытындысы бойынша әзірленген түзетулердің салыстырмалы кестесін таныстырды.

Жинақталған ұсыныстар Қазақстанның конституциялық құрылысының негіздерін нақтылау мен нығайтуға, жекелеген нормалардың құқықтық айқындығын арттыруға және құқық қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған. Ерекше назар Прембуланы күшейтуге, құқықтық және зайырлы мемлекет қағидаттарын бекітуге, адам қадір-қасиетін, өмір сүру құқығын, жеке бостандық пен қол сұғылмаушылықты, сондай-ақ жеке өмір мен дербес деректерді қорғауға аударылды.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҮШІНШІ ОТЫРЫСЫ БОЙЫНША НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Астанада Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның үшінші отырысы өз жұмысын аяқтады. Отырыс барысында Қазақстанның көптеген белгілі саяси және қоғам қайраткерлері Конституцияға ұсынылып отырған өзгерістерге қатысты өз пікірлерін, ұсыныстары мен ескертулерін білдірді.

Парламенттік фракциялардың лидерлері бір палаталы Парламентке көшу бастамасын қоллады. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі **Елнұр Бейсенбаевтың** айтуынша, бір палаталы Парламентке көшу және саяси партиялардың рөлін күшейту конституциялық реформаның негізгі тетіктеріне айналады. Сондай-ақ ол пропорционалды сайлау жүйесі мен партияшілік праймериздердің маңыздылығына назар аударды. Аталған тетіктер сайлаушылар мен Парламенттің құрамы арасындағы тікелей байланысты қамтамасыз етеді.

Кітапхана

ТАҢДАУ ТОПШЫСЫ ТОҚАЕВҚА ТҮСТІ

Бұдан бір күн бұрын шешім қабылданғандай, 2019 жылдың 20 наурызы күні түскі сағат 12:00-де Парламент палаталарының бірлескен отырысы басталды. Онда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өкілеттілігі тоқтатылуына байланысты Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев оның 2020 жылы сәуірде аяқталатын сайланбалы мерзіміне дейін Мемлекет басшысы міндетін атқаратын болып бекітілді. Бұлай болатыны,

Осылай эстафетаны қабылдап алған жаңа Президент көп кідірмей, ел халқына ант берді. «Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұлжытпай орындауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің маған жүктелген жоғары міндеттерін адал атқаруға салтанатты түрде ант етемін», - деді ол. Жаңа Президент қос палатаның бірлескен отырысындағы сөзін 19 наурыз күні әлем жұртшылығының «аса маңызды тарихи оқиғаға қуә болғанын» ойға алудан бастады. «Қазақ мемлекеттілігінің негізін қалаған ұлы тұлға, Қазақстан Республикасының Тұңғыш

тастайтындай қуаты бар мынадай ұранды ұсыныс-тар топтамасы жарыққа шығуының нақты бір мақсаттарға сүйенген өзіндік себебі болуы керек. Оның бірінші нұсқасы - мұндай талап немесе тіпті шарт Нұрсұлтан Назарбаевтың тарапынан шығуы мүлкі. Сондықтан билік бишігін алғалы тұрған Қасым-Жомарт Тоқаев оған ешқандай қарсылық білдіре алмаған. Екінші нұсқа – бұлардың бәрін Тоқаев бастамашы болып көтеріп, өзін орнына қойып жатқан ұстазы алдындағы бір борышын өтеуге тәуекел еткен. Бұған Елбасы басында бірден келісе кетпей, ұсыныс білдірушінің оны көндіруіне тура келген болуы мүмкін. Үшінші нұсқа - бұрынғы президент Астана қаласы мен «Халық

арналған «Мир 24» телеарнасына берген сұхбаты барысында аздап аңғартып өтті. Сонау 90-шы жылдардың басында Нұрсұлтан Әбішұлы мен Қасым-Жомарт Кемелұлы бір-бірімен алғаш рет танысқан кездеТоқаев ҚХР-дағы кеңес елшілігінің бірінші хатшысы қызметін аяқтап, КСРО Сыртқы істер министрлігіне қарасты дипломатиялық академияның басшы дипломат кадрлар біліктілігін арттыру курсында оқып жатыр еді. «Мен оны 1992 жылы Мәскеуде кездестірдім, сосын әйгілі поэмада айтылатындай, ол маған: «Шинелінді алып, үйге қайт» деді. Менің елдегі еңбек жолым осылай бастау алды, оны өздеріңіз жақсы білесіздер, - деді Тоқаев. - Бұдан кейін менің мансабым үнемі өрлеу

ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

республикада билік сабақтастығын жалғастырудың үрдісі заң жүзінде осылай қарастырылған: Президенттің өкілеттілігі кесімді уақытынан бұрын тоқтатылған жағдайда оның қалған уақытындағы қызметін Сенат төрағасы атқарып шығады, жаңа сайлау содан кейін белгіленеді.

Бұдан бір күн бұрын өзінің Президент орын-тағынан кететіні жөнінде шешім қабылдағанын ел халқына теледидар арқылы жеткізген Нұрсұлтан Назарбаев ел мизамында атап көрсетілген осы қағидаоны мәлімдей келіп, бұдан әрі Мемлекет басшысы болғалы тұрған Сенат спикері Қасым-Жомарт Тоқаев жайлы өз лебізін білдірді. «Ол Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен менімен бірге жұмыс істеп келеді. Мен оны жақсы білемін. Ол – адал, әрі жауапкершілігі жоғары азамат. Еліміздің ішкі және сыртқы саясатын жан-жақты сезінеді. Ол барлық бағдарламаларды әзірлеуге және қабылдауға атсалысты. Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстанды басқаруға нағыз лайықты азамат деп сенемін»,- деді ол сонда.

Осылайша жер көлемінің ауқымы жағынан әлемде тоғызыншы орын алатын Қазақстан атты алып мемлекетті «иіріп-жусатып», артық-кемі жоқ 29 жыл, 9 ай үзіліссіз басқарған басшы наурыздың 20-сы, сәрсенбіден бастап өз өкілетін тоқтатты. Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин осыған байланысты Орталық сайлау комиссиясымен келісе отырып, Президенттің ант беру рәсімін келесі күнге қалдыруға тоқтам жасаған болатын. Сөйтіп, Парламент палаталарының бірлескен отырысын 20 наурыз күні шақыру туралы өкімге қол қойды.

Палаталар отырысына бұрынғы Президент Нұрсұлтан Назарбаев, Үкімет мүшелері, Президентке тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, елімізде тіркелген шетелдік миссиялардың басшылары, сондай-ақ Сенат пен Мәжіліс депутаттары қатысты. Осы шаршы топтың алдында ең алдымен Елбасы Сенат басшысына өзіндік өкілеттігін ресми түрде өткізді. Бұдан кейін Қазақстан Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Имашев Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан Президентінің куәлігін, төсбелгісін, штандарт пен «Алтын қыран» орденін табыс етті.

I-тарау ОҚИҒА ОЗАРЫНДА

Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз еркімен Мемлекет басшысы өкілеттігін тоқтатты. Елбасының бұл маңызды шешімі оның жаһандық деңгейде және тарихи ауқымда танылған саяси қайраткер ретіндегі ұлылығын көрсетті, - деді Тоқаев сөзінде. - Бұл шешім оның мемлекетіміздің болашағына қатысты жоғары тәртіп орнатып, шынайы қамқорлық жасау мақсатынан туындады. Біз барлық жетістіктерімізге, ең алдымен Қазақстан Республикасының қастерлі Тәуелсіздігіне Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік».

Қасым-Жомарт Тоқаев осы күні тек Қазақ-стан халқын ғана емес, сонымен қатар күллі әлем жұртшылығын еріксіз елең еткізген бірнеше ұсыныс айтты. Алдымен «біздің ұлы заманда-сымыз, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұр-сұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру қажеттігіне» тоқталып өткен ол еліміз-дің бас қаласын «Нұр-Сұлтан» деп атауға бас-тама көтерді. Сосын елордада Елбасының моно-ментін тұрғызғанды жөн көрді. Бұдан әрі барлық облыстардың орталықтарындағы басты даңғыл-дар мен көшелер Нұрсұлтан Назарбаев есімін алуы керектігін тапсырды. Келесі кезекте оған «Халық қаһарманы» атағын беретінін жария етті. Бұған қоса, Елбасының бұдан былай Құрметті сенатор болуы тиіс екенін білдірді. Мұндай жағдайда ол үнемі Парламент ісіне араласып, кез келген уақытта оның биік мінберінен өзінің ойы мен ұсынысын айта алады. Соңынан экс-президент бейнеленген портреттер мен суреттердің қоғам-дық-көпшілік орындарда, мемлекеттік қызмет-керлер кабинеттерінде, оқу орындары ғимаратта-рында мызғымас атрибут ретінде ілүлі тұруы керектігін пәрызға санады.

Біздің пайымымызша, билік ауысып, оның бір қолдан екінші қолға өтуі рәсімделіп жатқан салтанатты шара кезінде атан түйені аударып

Мәжіліс депутаты, «Ауыл» партиясы фракциясының жетек-шісі **Серік Егізбаев** «Ең шалғай ауылдардың өзінде тұрғындар Парламент пен Үкіметтің жұмысына жігі назар аударып отыр. Конституциялық реформа бойынша түскен екі мыңнан астам ұсыныс жай ғана статистика емес. Бұл қоғамның жаңғыруға, демократиялық бастамаларды күшейтуге және әділеттілікке деген тікелей сұранысы», – деді.

Мәжіліс депутаты Жалпыұлттық социал-демократиялық партия фракциясының жетекшісі **Асхат Рахымжанов** конституциялық рефор-маның мақсаты мемлекеттік билікті неғұрлым ашық, қоғам алдында есеп беріп, оны азаматтарға жақындату екендігін атап өтті.

Мәжіліс депутаты «Respublica» партиясы фракциясының жетек-шісі **Айдарбек Қожаназаров** пікірінше, саяси институттарды нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету және нормативтік иерархияның айқындығы мемлекеттің орнықты дамуы мен биліктің заңдылығының негізгі шарттары болып табылады.

Өз кезегінде Мәжіліс депутаты, Қазақстан Халық партиясы фрак-циясының жетекшісі **Магеррам Магеррамов** бір палаталы Парламентке көшу ұсынысын елді жаңғырудың маңызды элементтерінің бірі деп атады.

Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясы фракциясының жетекшісі **Азат Перуашев** бүгінгі күнге дейін мемлекеттік билік жүйесінде бір палаталы Парламенттің өкілеттігін күшейту бойынша онтайлы шешімдер әзірленгенін, «Халық Кеңесі атты жоғарғы консультативтік органды құру бастамасы және оның мәртебесін Конституцияда бекіту билік жүйесіне әртүрлі этнос өкілдерінің қатысуын 8 есе арттырады, өңірлер мүдделерінің өкілдігін қамтамасыз етеді және азаматтық қоғам көшбасшыларын саяси жүйеге тартуды қамтамасыз етеді», – деп атап өтті.

Мәжіліс депутаты **Айдос Сарым** атап өткендей, түзетулерге сәйкес бір палаталы Парламент – Құрылтай 145 депутаттан тұрады, олар бүкілхалықтық біртұтас сайлау округі бойынша пропорционалды өкілдік жүйесімен сайланады. Депутаттардың өкілеттік мерзімі қазіргі Мәжілістің тәжірибесіне сәйкес 5 жыл деңгейінде сақталуы ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Бас прокурорының бірінші орынба-сары **Жандос Өмірәлиев** «Миранда ережесін» Конституцияда бекіту ұсынысын қоллады. Бұл ереже бойынша, адам ұсталған сәттен бастап құқық қорғау органдары оның құқықтарын түсіндіруі тиіс. Яғни, адам құдікті мәртебесін алған сәттен бастап оның білікті қорғалуы – адвокаттың болуы – құқығын қамтамасыз ету біздің басты талабымыз болып табылады, – деді Жандос Өмірәлиев.

Астананың Халықаралық университеті Жоғары құқық мектебінің профессоры, заң ғылымдарының докторы **Исидор Борчанавили** еліміздің кейбір өңірлері үшін арнайы құқықтық режимдерді Конституцияда бекіту бастамасын қоллады. «Қазіргі заманғы мемлекеттерде дамудың сараланған модельдерін қолдану жиілеп келеді. Бұл инвестициялар, технологиялар және адам капиталы үшін бәсекеге объективті жауап болып табылады. Мұндай шешімдердің барлығы мемлекеттік құрылымның негізін қозғай-ды, сондықтан олар тікелей конституциялық негізде бекітілуі тиіс», – деді .

Мәжіліс депутаты **Марат Бәшімов** жеке деректерді қорғауға бағытталған ұсынылып отырған норманы қоллады. «Адамның жеке өмірін оның өзіне жария еткісі келмейтін өмірлік аспектілер құрайды. Бұл жеке тұлғаның өзіндік егемендігі болып табылады және қоғам мен мемлекет тарапынан бақылауға жатпайды», – деп атап өтті депутат.

Мәжіліс депутаты **Үнзिला Шапақ** Конституцияның преамбуласында

ұсынылып отырған өзгерістердің маңыздылығын атап өтті.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл **Артур Ластаев** азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтуге қатысты ұсыныстарын білдірді.

«Келешек» жастар кеңесінің жетекшісі **Гүлзира Атабаева** Конститу-цияға енгізілетін түзетулер білімнің зайырлы сипатын бекіту, дінді мем-лекеттен бөліп көрсету және зияткерлік меншікті қорғауды күшейту, Қазақ-станның жасанды интеллект дәуірінде дамуына үлес қосатынын атап өтті.

Мәжіліс депутаты **Максим Рожин** өз сөзінде Халық Кеңесін және Вице-Президент институтын құру қоғамдық диалогты нығайтып, мемлекеттік басқарудың сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

- «Қоғам қазір белсенді және талапшыл. Диалог алаңдары мен түрлі қоғамдық платформалар кейде жалпыұлттық мүдде мен қажетті талқылау деңгейін қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан ұсынылып отырған Халық Кеңесі – формалды жаңалық емес, объективті қажеттілік», – деді ол.

Саясаттанушы **Марат Шибубо** Конституцияның преамбуласы сыртқы және ішкі аудитория үшін маңызды сигналдар беретінін, шекаралардың тұтастығын бекітетінін, бейбіт ниеттерді көрсететінін және заңдылықты, әділдікті сақтау мен азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңыздылығын атап көрсететінін айтты.

«AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы **Бекзат Альтынбеков** атап өткендей, конституциялық реформа қазіргі әлемдік геосаяси жағдай мен Қазақстан алдында ашылатын мүмкіндіктерді ескере отырып, дамудың жаңа бағытын көрсетеді.

Мәжіліс депутаты **Никита Шаталов** Конституцияның 18 және 32-баптарына редакциялық түзеу сипаттағы өзгерістер енгізілетінін, бірақ сөз еркіндігі мен бейбіт жиналысқа қатысты кепілдіктерге әсер етпейтінін атап өтті. Бұл құқықтар бұрынғы көлемінде сақталады.

Мәжіліс депутаты **Сергей Пономарев** Қазақстан Конституциясына табиғатты қорғау бойынша азаматтық жауапкершілікті бекітуді қолдады. Ол президенттік «Таза Қазақстан» бағдарламасы экологияны қорғаудың әрбір азамат үшін каншалықты маңызды екенін іс жүзінде көрсетті деп мәлімдеді. Сонымен қатар депутат сөз еркіндігі, цензураға тыйым салу және ақпаратты еркін алу мен тарату құқығы туралы Конституциядағы баптың маңыздылығына тоқталды.

Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы **Мәди Мырзағараев** Конституцияда адвокатура статусын жеке институт ретінде бекіту ұсыны-сын қоллады. Оның айтуынша, бұл адам құқықтарын қорғау саласында тың серпіліс болады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, заң ғылымдарының докторы **Еркін Дүйсенов** «Жалпы ережелер» бөлімін «Конституциялық құрылыс негіздері» деп қайта атауды, еңбек құқығы тұжырымдасын нақтылауды, сондай-ақ некеге қатысты норманы Конституцияда бекітуді қолдайтынын білдірді. «Неке - мемлекет тарапынан заңға сәйкес тіркелетін ер мен әйелдің арасындағы ерікті және тең құқылы одақ. Мұндай тәсіл зайырлы мемлекет саясатына, теңдік пен кемсітушілік принциптеріне сәйкес келеді, сондай-ақ халқымыздың рухани-моральдық кодын айқындайды», – деп атап өтті Еркін Дүйсенов.

Отырысты қорытындылай келе, Конституциялық комиссия төрағасы **Эльвира Азимова** Конституцияға ұсынылып отырған өзгерістер бойынша елеулі ілгерілеу жасалғанын атап өтті.

(Жалғасы бар)

үстінде болды». Негізі, Қасым-Жомарт Тоқаев осы тұстан Мемлекет басшысының қырағы назарына іліккен сияқты. Не дегенде де, оның ой-қиялы түкпіріндегі көп ықтимал мұрагерлер қатарында бұл кісінің ерте кездерден болғаны анық.

Рас, Президент 2019 жылдың 17 маусым күні Euronews телеарнасына берген сұхбатында өзінің ұстазының орнын басатыны 2015 жылдың аяғынан белгілі болды дегенге келтіріпті. «Осыдан үш жарым жыл бұрын Назарбаев маған «сен келесі Президент боласың» деді, бірақ бұл уақыт мәсе-лесі еді, біз кішіні осы мерзімді таңдадық» - деген еді Тоқаев онда. Бұл Елбасының 2020 жылдан кейін президент сайлауына түспейтіні турасында осы уақыттары бір шешімге келіп қойғанын ай-ғақтап береді. Демек, Қасым-Жомарт Тоқаев 2018 жылы маусымда BBC агенттігіне берген сұх-батында Нұрсұлтан Назарбаевтың 2020 жылы өтетін сайлауға қатыспайтыны жайлы еркін айта алуында осындай гәп бар. Әлбетте, мұны «тек өзінің жеке пікірі» ретінде жеткізгенімен, мұндай өте-мөте шетін, маңызды мәселені ұстазымен алдын ала келісіп алмай, оның өздігінен баяндай салуы мүмкін емес-тін. Айналып келгенде, сол айтқаны рас болып шықты.

Туасын, Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылғы 18 қараша күні өткен Үкіметтің кеңейтілген оты-рысында кадрлар тапшылығы жөнінде сөз қозғай отырып, «менен ұстандар, келесі президент менен де жаман болады» дейтін өзін аралас әйгілі сөзін айтқан кезінде өзінен кейін билікке нақты кім келе-тінін анықтап қойған сияқты. Оның мұнысы «маған арқа сүйендер, менен ұзап кетпеңдер» деген астарлы мағынада айтылса керек. Бұл мерзім Тоқаевтың жоғарыда атап көрсеткен уақытымен де сәйкес келеді.

Ал мемлекеттің тізгінін жақын жылдарда кімге ұстату керектігі жөніндегі мәселе 2015 жылдың со-ңына қарай шешілді делінгенімен, Елбасы Тоқаев-қа оны 2007 жылы Парламент Сенатының спикері етіп алғаш сайлатқан уақыттан бері сол топтың ең алдыңғы шоғырына қойған тәрізді. Содан бастап оны әр қилы жауапты қызмет орындарына қойып, жан-жақты тексерістен өткізіп, осы күнге дейін ақырындап дайындап әкелгенге ұқсайды. Ендеше, осының бәрін безбенге салып, салыстыра қарау үшін өмірбаянға бір сәт көз жүгіртіп өтейік.

(Жалғасы бар)



АҚПАН АЙЫ: ЕСКІДЕН ҚҰТЫЛЫП, БҰРЫНҒЫНЫ БҰЗА БІЛУ КЕРЕК

Ақпан айы –бір-біріне ұқсамайтын түбегейлі өзгерістер кезеңі. Айдың қуаттылығы неон шамдарының жарқын жарқылынан су астының тыныш жарығына көшкенге ұқсайды. Айдың алғашқы жартысында әрбір адамға әлеуметтік және технологиялық өзгерістер әсер етеді. Ұжымдық жобалар күтпеген жерден жылдамдық алады, ал жеке өмірде барлығын түбегейлі қайта қарауға тура келеді. Айдың 17-інде күн тұтылуына орай қызметте және жеке қарым-қатынаста кездейсоқ өзгерістер орын алады, ескірген сценарийлер күтпеген жерден аяқталады. Жанды ауыртса да, шабыт беретін жаңалықтар болады. Бұл кезеңде асығыс шешім қабылдауға болмайды. Сезім жетегінде кетіп, барлық міндеттемелерден бас тартуға да болмайды. Айдың 15-і мен 20-сы аралығында некеге тұруға, келісім-шарттар жасауға, ұзақ мерзімді жобаларды бастауға, маңызды құжаттарға қол қоюға өте қолайсыз. Ал айдың екінші жартысында шығармашылық жобалар маңызға ие болып, мәні артады. Қарым-қатынастарда сыртқы түрден гөрі ішкі шынайылық басым болады.

Ескі жараларды емдеуге мүмкіндік бар. Өткен шақтағы қателіктер мен күнәлардан арылу үшін адал, шынайы өңгімелесуге, өнер мен әдебиетте шығармашылық шабытқа мүмкіндік бар. Айдың 15-іне дейін биязы болыңыз, бірақ өз принциптеріңізден бас тартпаңыз. 15-сі мен 20-сы аралығында маңызды шешімдер қабылдамаңыз, шешуші іс әрекетке, диалогқа бармаңыз. Айдың соңғы онкүндігінде логикадан гөрі түйсікке иек артыңыз.

Ақпан айының сабағы: Жақсылыққа қарай нақты нағыз өзгерістер болуы үшін алдымен ескіден құтылып, бұрынғыны бұза білу керек, содан кейін жаңаны қабылдайтын ақыл керек. Осы жолмен жүре алғандар өзгерістерді сезінеді.

ТОҚТЫ



Әйел Тоқты: оларды жұрт жақсы тыңдайды, ұсыныстарын тез қабылдайды. Жалпыға ортақ жобаларды жүзеге асыру оңай. Айдың 20-сынан кейін демалуға, тыныс алуға мүмкіндік бар.

Айдың құпиялылығы: ешнәрсе істемеген күнде де адам өзімен өзі болғанда көп нәрсе ұтады. Ең мықты жеңіс бірқалыптан екінші қалыпқа дер кезінде ауыса білу.

Еркек Тоқты: айдың алғашқы үш аптасында жан-жағыңыздың барлығы шабыт береді. Достарыңыз көптен бері ойыңызда жүрген жобаны ұсынады. Сондай-ақ сіздің идеяңызды жүзеге асыратын адам да табылады. Бұл кезең стартап үшін, команда жинауға, саяхат ұйымдастыруға, тіпті ютуб канал ашуға да қолайлы кезең. Ұжымның қуаты сізге жұмыс істейді.

Айдың 20-сынан кейін ортақ істен бас тартып, өзіңізді көрсеткіңіз келеді. Кейбір шығармашылық ойлар оңаша болуды қалайды. Бәлкім музыка жазарсыз, оқшау отырып чертеж сызарсыз, ешқайда асықпай тағылымдық кино көрерсіз.

Айдың сабағы: көпшіліктің ортасында болумен қатар, оңашада өз-өзін дамытқан да жақсы.

Қаржы: айдың алғашқы жартысында ұжымдық шығармашылық қаржы жағдайын жақсартып, Ойламаған жерден ақша түседі. Түйсігіңіз артады. Нәтижесінде ертеңгі күні табыс екелетін тұсты сезесіз. Есіңізде болсын ұжымдық жұмыста арадағы келісімге және бір-бірінің құқына құрметпен қарау өте маңызды.

Айдың 20-сынан кейін жеке дара шешімдер қабылдауға тура келеді. Өз-өзіне ғана есеп беруге мәжбүрлік туындайды. Бұл кезең өзінің жеке қаржы шығысына аудит жасауға және бюджетті басқалардың ақыл-кеңесінде жоспарлауға қолайлы.

Қаржылық кеңес: айдың алғашқы жартысын инновациямен табыс табуға, ал екінші жартысын нәтижелерді нығайтуға жұмсаңыз. Алдыменнен командада идея тастап, одан кейін оны жеке капиталға айналдыру – бұл сіздің мықтылығыңыз.

Махаббат: Жеке өміріңіз кездейсоқ сценарийлердің лабораториясына айналғандай. Өзіңіздің тік мінезіңізді бағалайтын, соған қарамастан эксперименттерге дайын адамдарды қызықтырасыз. Бәлкім достыққа, әлде іскерлік серіктестікке негізделген қарым-қатынастар басталуы мүмкін. Бұндағы ең маңыздысы екі жақтың да өзара еркіндігі. Сіздің ойыңызша өмірді өзгертетін жарқын жобаның қатысушысыз, сіз үшін жеке қарым-қатынас шырағдан түбіндегі көшкі ас емес. Ақпанның 15-20 аралығында құпия қарама-қайшылықтар, немесе қарым-қатынастағы жұмбақ жағдайлар ашылады. Бұрынғы берерін беріп болған ескі байланыстар үзіледі. Өзіңіздің қалыптасқан қалыбыңызды бұзатын адамға деген ықыласыңыз ауады.

Айдың 20-сынан кейін барлығы да орнына келіп, болған жайларды ақылмен таразылайсыз. Бұл кезең тыныштықты басқадан емес, өз-өзіңізден іздейтін, өткеннің сабағын ақылмен ойланатын кез.

Қолайлы күндер: 1-2, 10-12, 15-17, 20-21, 24-25, 28.

Қолайсыз күндер: 5-7, 13-14, 26-27.

ТОРПАҚ



Әйел-Торпақ. Айдың бас жағында өзіңізді қолайсыз сезініп, бойыңызды бір үрей билейді. Ата-анамен күтпеген жерден келіспеушіліктер, өмірге деген әр түрлі көзқарастарға байланысты дау-дамай, сондай-ақ бұрыннан бері кейінге қалдырып келе жатқан мәселелерді шешу қажеттілігі туындайды. Оның үстіне денсаулыққа байланысты созылмалы аурулар, әсіресе нерв жүйесі мен тамақ сыр беруі мүмкін. Бұл кезеңдегі басты міндетіңіз: өзгерістерге қарсы тұрмай, одан өзіңізге тірек табу.

Айдың 20-нан кейін жағдай жұмсара бастайды. Арадағы шынайы қарым-қатынас туған-туысқандармен ортақ тіл табуға көмектеседі. Үйге қам-қорлық және шығармашылық арқылы қайтадан қалыпқа келесіз.

Еркек Торпақ. Айдың алғашқы жартысында абыр-сабыр басталады. Әсіресе жұмыс орнында. Басшылық біресе өзгерісті талап етеді, біресе бәрі өз қалпында қалғанын қалайды, ал әріптестер болса миға сыймайтын идеялар айтады. Дауласпаңыз, қарсы келмеңіз. Дауыл кезінде салқынқандылық сақтайтын “тұрақтылық аралы” болып қала беріңіз.

Айдың 20-сынан кейін бәрі өзгереді. Тұрақтылығыңыз, салқынқандылығыңыз оң бағасын алады. Шыдамдылық пен табандылық танытқандар қызметтен өседі.

Ақпан айының сабағы: нағыз мәртебе қызметте емес, кез-келген ауа райында арқа сүйей алатын адам бола білуде.

Махаббат. Ақпан айы қызықтарға толы. Жаңа таныстар үшін махаббат әлеуметтік сынақ сияқты. Айдың 15-і мен 20-сы аралығы жаңа қарым-қатынастарға өте қауіпті. Сынақтан өте алмайды. Есесіне жалғызбасты Торпақтар күтпеген жерден отбасы болуға ұсыныстар алуы мүмкін.

Қаржы: Ай бойы қаржы мәселесінде өте абай болу керек. Құжаттағы қателіктен, адал емес серіктестердің, немесе төтеннен келген тексерістің нәтижесінде ақша шығыны болуы мүмкін. Мемлекеттік органдармен, салықпен және заңдық мәселелерге байланысты күтпеген қиындықтар тууы мүмкін. Тіпті уақ-түйек мәселенің өзі үлкен кедергі болуы кәдік. Қырыс ақпан айының 15-і мен 20-ы аралығы өте қиын. Бұл кезеңдегі кез-келген қаржылық белсенділік қателіктерге әкеліп, кейін оны жөндеу қиын болады.

Айдың 20-нан кейін жағдай біршама жақсарады. Өз түйсігіңіздің арқасында жақсылықтарға қол жеткізе бастайсыз. Қарапайым, бірақ терең мәні бар шешімдер арқылы қаражат үйлесімділігі басталады. Басқалар үрейленіп жатқанда сабырлы бола білуіңіз – бұл сіздің ақылдылығыңыз. Соның арқасында тұрақтылыққа қол жеткізесіз.

Қолайлы күндер: 3-4, 13-14, 18-19, 22-23, 26-27.

Қолайсыз күндер: 1-2, 8-9, 15-17, 28.

ЕГІЗДЕР



Әйел Егіздер. Өзіңізге қанат біткендей. Қарым-қатынастарда өзіңізді өте жеңіл сезінесіз. Идеяларыңызға қолдау көп. Бұған дейін үндемей келген мәселені айтқаныңызда бәрі қолдап, нәтижесінде өзіңізге деген қарым-қатынас өзгеріп, қызметтен өсуіңіз де мүмкін. Бұл кезең таныстықтарға, көпшілік іс-шараларға және жеке жобаларға қолайлы. Көпшіліктің назарындасыз. Осы сәтті кезеңді пайдаланып қалыңыз.

Айдың аяғына қарай энергия кенеттен өзгереді. Бейнебір тұман ортасында қалғандайсыз. Ойыңызды айқын жеткізе алмайсыз. Өз шешімдеріңізге өзіңіз күмәнмен қарайсыз. Ортақ іс болғанымен оңашаландырып қарай көресіз, сіздің міндетіңіз – бұл толқынмен күреспеңіз, керісінше ағынмен аға біліңіз. Кей кездері керемет дайындалған сөздерден гөрі үндемей қалғанның пайдасы мол.

Еркек Егіздер. Қыстың соңғы кезінде жаңа деңгейге шығасыз. Эксперттік қасиетіңіз өз бағасын алады. Әріптестеріңіз ақыл-кеңес сұрайды, басшылық төтеннен шешім табатын қабілетіңізді бағалайды. Айдың 15-і – 20-сы аралығында танималдылыққа ие боласыз. Бұл кезеңде өз біліміңізді белсенді таратыңыз, бәлкім блок жүргізерсіз, немесе конференцияларда баяндама жасарсыз, тіпті басқаларды үйретерсіз, әйтеуір танымалдылықтан бөлек пайдаға да кенелесіз.

Айдың 20-нан кейін бәрін кеңінен қамтыған гөрі тереңіне үңілген маңызды. Бәлкім өзіңіздің кереметтілігіңізге күдікпен қарай бастайсыз, көлеңкеге кеткіңіз келеді, немесе сізді түсінбейтіндер көбейеді. Бұл кезеңде жаңа белестерге шығамын дегеннен гөрі жинақталған тәжірибеге анализ жасаған дұрыс.

Ақпанның сабағы: ақылды эксперт пен мәңгілік шәкірт арасындағы балансты ұстай білу керек.

Махаббат. Достармен көпшілік басқосулардан махаббатқа кезігіп қаларсыз. Бәлкім топтық

чаттарда, әлде бірлескен жобаларда өзіңізбен жақын қарым-қатынаста болғысы келетін жан бар.

Ақпанның 15-20 аралығында қарым-қатынастар өзгеріп, досыңыз сезімін білдіруі мүмкін, тіпті кездейсоқ танысқан жан да сырласыңызға айналуы ғажап емес. Осы кезеңді сәтті пайдаланыңыз, өйткені айдың 20-нан кейін сезімнің ащы кермек дәмін татасыз. Жұлдыздар өкпе, көз жасы, жасырынған өтірік болуы мүмкін дейді. Жаныңызға жақын адам бір жағынан үркітеді, бір жағынан өзіне тартады. Жақындағысы келгенін білдіргенменен алыстай түседі. Бұл кезеңде сөзге алданып қалмаңыз, іс-қимылына, тірлігіне қараңыз.

Ақпанның сабағы: барлығы да жақсы сөзден бастала бермейді, айтылатын ештеңе болмағанда үнсіз қала білу керек.

Қаржы: Бұл айда ортақ ұжымдық жобалар табысты. Ортақ істен ірі бонус, немесе ортақ қарым-қатынаста жүрген жаннан пайдалы ұсыныс түсуі мүмкін. Ақша табу қазір жеңіл. Жоспарға қатып қалмаңыз. Кездейсоқ жолмен келген табыстан бас тартпаңыз. Ақшаны ойланбастан да жұмсауға болады. Алайда айдың 20-нан кейін қаржылық түйсігіңізді абайлаңыз. Керемет уәдеге толы, бірақ ережелері белгісіз күмәнді ұсыныстар болуы мүмкін. Фактісін тексерместен, тек сөзбен ғана қаржы салу ұсынысы болуы мүмкін. Аяушылықпенен сезімге беріліп, жұмсаған ақшаның қайтарымы болмауы мүмкін. Сіздің міндетіңіз: алғашқы сезімге ерік бермеңіз, өз-өзіңізден қайта-қайта “бұл жерде не айтылмай тұр?” және “қай жерде не жасырулы тұр?” деген сұрақтардың жауабын іздеңіз.

Қолайлы күндер: 1-2, 5-7, 15-17, 20-21, 24-25, 28.

Қолайсыз күндер: 3-4, 10-12, 18-19.

ШАЯН



Әйел Шаян. Айдың бас жағында алыс жолға дайындық үстінде сияқтысыз. Сырттай қарағанда ештеңе байқалмайды, бірақ іштей тыңғылықты дайындық бар. Бұл кезең көптен бері кейінге қалдырып келе жатқанды зерттеуге, сондай-ақ өмірлік мақсат пен бағытқа талдау жасауға қолайлы. Айдың 20-нан бастап жоспарларыңыз жүзеге аса бастайды. Мәселен, жаңа білімді тәжірибеде қолдана бастайсыз, немесе үлкен нәтижелерге жетуге ниет етесіз.

Айдың құпиялылығы: шыдамдылықты, уақыты келгенде өзгерістерге қарсы тұруға үйлестіре білу керек.

Еркек Шаян. Айдың алғашқы жартысында өз ауанымен қозғалуға мүмкіндік бар. Әділдік мәселесі, жеке қарым-қатынаста да, қызмет барысында да ең алдыңғы кезекте. Сырттан қысым жасамай-ақ барлығын реттей аласыз. Жолға шыққанда, немесе іс сапарға барғанда табысты боласыз. Әрбір мәселені жете зерттеп, асықпай дайындалыңыз. Ал айдың соңғы күндерінде жоспарларыңыз жүзеге асуы үшін жұлдыздардың өзі қажетті кездесулер мен мүмкіндіктерді әзірлеп қойды. Тек көрсеткен бағытпен жүре беріңіз.

Қаржы. Айдың 20-на дейін ақша ағыны жоқ. Бұл кезеңде стратегия жасауға болады, бірақ белсенді іс қимылдың пайдасы жоқ. Бюджетті қайта қарап, ескі қарыздарды кешіріңіз. Командалық ортақ жұмыс, немесе достарға көмек қаржылық табыс әкеледі.

Айдың 20-нан бастап ақша судай ағады. Ақша ағыны шығармашылық арқылы, виртуалды жобалар арқылы мүмкін болады. Қайырымдылық жасауға қолайлы кезең. Адал көңілмен берген көбейеді. Бірнеше көзден кіріс кіреді. Денсаулыққа қаржы салған тиімді. Сондай-ақ көңіл көтеруге де, рухани құндылықтарға қол жеткізуге де ақша аямаған дұрыс.

Махаббат. Айдың алғашқы үш аптасында сезім іштей пісіп жетіледі. Алдағы махаббатқа дайындық кезеңі де болады. Өз серіктесіңізді алыстан бақылап, немесе ортақ таныстарыңызбен әлеуметтік желі арқылы жақынырақ біліп отыруыңыз мүмкін. Сондай-ақ өзара қарым-қатынастың тереңірек екенін ұғынасыз. Айдың соңғы жағында сезім рахатына шомыласыз. Ең бастысы өз қарым-қатынасыңызды сырт көзден қорғай біліңіз. Жақын адамдарыңыздың өзіне де сыр шашпаңыз. Сезімнің күштілігі – оның құпиялылығында.

Қолайлы күндер: 3-4, 8-9, 18-19, 22-23, 26-27.

Қолайсыз күндер: 13-14, 20-21.

АРЫСТАН



Әйел Арыстан. Өзіңізден рұқсат сұрамастан өзге біреу өміріңізге араласып жатқандай. Кейбір сәттерде басты кейіпкер ролін уақытша басқаға бере тұру – өте ақылды шешім. Айдың алғашқы жартысында жұлдыздар өз-өзіңізді шектеуге кеңес береді. Күмәнді жоспарларға жоқ деп айта білген жөн. Сондай-ақ ойдағыдай болмайтын жағдайларды да өз еркіне жіберу керек. Әдемі көйлек алғанғын орнына массажа барған дұрыс та болар. Бұл кезеңде денсаулық пен ішкі ресурс өте бағалы.

Айдың 20-нан кейін өз-өзіңізге келе бастайсыз.

Көп күш жұмсамастан өмір ағынына ілесесіз.

Айдың басты сабағы: жеңіс барлығын да шабуылға шығып жеңіп шығу емес, өз күшін сауатты үнемдей білген – үлкен жеңіс.

Еркек Арыстан. Қатты соққы аласыз. Достық ортадағы, немесе бизнестегі беделіңізге нұқсан келеді. Тура шабуыл болмайды. Тек күтпеген жерден бақталастық, немесе сіздің дауысыңыз елеусіз қалатын ұжымдық шешім зиянын тигізеді. Қарсы шығудың, айқасудың қажеті жоқ. Кім сіз жағында екенін және кімнің өз ойынын ойнап жатқанын бақылаңыз. Ең бастысы жаныңыздағылардың осы энергиясын ортақ ағынға бағыттай біліңіз. Тіпті ол ағын сіздің мақсатыңызға сай келмесе де.

Айдың 20-нан кейін бәрі өз орнына келеді. Кейбір бақталастардың көзалдамшы бұрынғы одақтастар екенін білесіз.

Айдың сабағы: нағыз көшбасшылық жарқын сәттерде байқала бермейді. Нағыз көшбасшылық бүткіл оркестр бірдей ойнауы үшін бір қадам кейін шегіне білуде.

Махаббат. Өз сезімдеріңізге де ревизия жасайсыз. Бұрын онша көңіл тарта бермейтін өзіңізге үйреншікті жандар қызықты көрінеді. Кездейсоқ қызығушылықтардың уақыты. Айдың 15 мен 20 аралығы өз қарым-қатынасыңызға сын көзбен қарайтын кезең. Осы уақытқа дейін керемет көрініп келген серіктестік еркіндігіңізді тежеп келгенін байқайсыз, немесе өзіңізге нағыз тірек екенін аңғарасыз. Бұл кезең шынайы әңгіменің, бәлкім күтпеген шешімдердің уақыты.

Қаржы. Ыстық жүрекпен емес, салқын баспен шешім қабылдайтын кезең. Жомарттығыңыз немесе айналаңызға керемет әсер қалдырғыңыз келетіні тікелей ақша шығынына әкелуі мүмкін. Танысыңыздың идеясына ақша салғанда абай болыңыз, сондай-ақ біреудің ақша-кеңесімен криптовалюта сатып алудан, көпке ортақ іске төлем жасаудан бас тартыңыз. Ақша ұжымдық бастамалар арқылы, сетеовый арқылы да келуі мүмкін. Ол үшін сезімді ысырып тастап, қатаң есеп жүргізіңіз.

Айдың 20-нан кейін сыртқы қысым әлсірейді, өз түйсігіңізбен шешім қабылдайсыз. Шығармашылық арқылы табыс табу мүмкіндігі бар. Өзіңізге деген махаббатты, немесе мәртебені сатып алуға ұмтылайы, нақты жағдайды сабырмен бағалай білгеніңізде табыс келеді.

Қолайлы күндер: 1-2, 5-7, 10-12, 20-21, 24-25.

Қолайсыз күндер: 8-9, 15-17, 22-23, 28.

БИКЕШ



Әйел Бикеш. Тыныштық айы. Жұлдыздар барлығынан демалуға кеңес береді. Алайда айдың 15-20 аралығында тыныштық бұзылады. Бұл кезең шаршауға толы. Өзіңізге қатысты істер мен басқалардың проблемалары араластып кеткендей. Өзгенің жауапкершілігін жүктейсіз, немесе күшке түсетін көмек беруге тура келеді. Негізгі басқалардың өміріне араласпаңыз. Өзіңіздің шегіңізді белгілей біліңіз. Сондай-ақ күш-қуат жинақтауға уақыт бөліңіз. Әсіресе жүйке жүйелері мен асқазанды сақтаңыз. Ақпан айындағы жетістігіңіз – өзгелердің мәселесін шешу емес, өз-өзіңізді шектей білуіңізде.

Еркек Бикеш. Айдың алғашқы жартысында бойыңыздағы қуатты сақтай біліңіз. Сырттай бәрі тыныш көрінгенімен денсаулыққа назар аударыңыз, әсіресе аурулардың алдын алуға. Бұл кезең жоспарлы тексерістерге, ұйқы мен тамақтанудың режимін сақтауға қолайлы. Айдың 20-нан бастап ортақ мүлікке, салықтық міндеттемелерге, немесе ипотека бойынша төлемдерге байланысты проблема болуы мүмкін. Бәлкім қаржы, төлем кешігеді, сондай-ақ әріптестермен түсінбеушілік, немесе басқалар үшін ақша шығындауға тура келеді. Салқынқандылықпен әрбір нәрсеге мән беру ақша шығынынан сақтайды.

Ақпанның сабағы: өз ресурстарына физикалық, материалдық жағынан болмасын ұқыпты қарау кез-келген амбициядан маңызды.

Махаббат. Айдың бас жағында барлығы жеңіл көрінеді. Алайда айдың 20-нан бастап серігіңіз бір түрлі күмән тудырады. Сіз оны, ол сізді тітіркендіреді. Бір-бірін алдау, сондай-ақ махаббат үшін бәрін құрбан ету деген сияқты жағдайлар болуы мүмкін. Өзгенің көз жасы өзіңіздің қарыздарлық сезіміңізді оятуы мүмкін.

Кеңес: сезімге берілмеңіз, шекараны анықтай біліңіз, екіжүзді уәделерге сенбеңіз, құтқарушының ролін атқармаңыз. Нағыз жақындық қиялда емес, шынайылық болған жерде.

Қаржы. Турақсыз ай. Айдың бас жағында шамалы кіріс болуы мүмкін. Негізгі қауіпсіздікке және өзін сақтандыруға қаржы салған дұрыс. Айдың 20-нан бастап түсініксіз жағдайлар орын алады. Біреуге артық сенім білдірудің, келісімнің нақты болмауынан, немесе құжаттардағы қателіктерге орай шығын шығуы мүмкін. Сондай-ақ бөтен біреулердің қысым көрсетуінен, серіктестіктердің орындалмаған уәдесінен, күмәнді қайырымдылық жобаларына қаржы салудан да шығынға ұшырау мүмкін. Өзіңіздің ең басты сақ болатын тұсыңыз – бұл актив.

Қаржылық кеңес: ұсақ-түйекке дейін мән беріңіз, цифрларды қайта-қайта тексеріңіз, “жыландарға” аяушылық білдірмеңіз. Қазір сіздің материалдық жағдайыңыз көңіл-күйге емес, ақылға байланысты.

Қолайлы күдер: 3-5, 8-9, 13-14, 22-23, 26-27.

Қолайсыз күндер: 10-12, 18-89, 24-25.



АҚПАН АЙЫ: ЕСКІДЕН ҚҰТЫЛЫП, БҰРЫНҒЫНЫ БҰЗА БІЛУ КЕРЕК



Әйел Таразы. Айдың басы танымалдылықпен, қоғамға ықпал етумен басталады. Айдың 20-на дейін бойыңыздағы елшілік, әдептілік қасиетке байланысты мәртебеніңіздің өсуіне, әрбір сөзіңіздің ұжымда қолдау табуына байланысты. Әсіресе 17-леріне батыл айтқан мәлімдемеңіз күтпеген жеміс әкеледі. Ауқымдырақ армандап, айналасыңа шабыт беретін адамдар жинаңыз. Айдың 20-нан кейін сырттағы оқиғалардың бәрі бәсеңдейді. Жаңа идеяларды, әсерлерді, байланыстарды ой таразысынан өткізесіз. Қол жеткізген мәртебеніңіздің тұрақтылығы сақталады.

Еркек Таразы. Айдың алғашқы үш аптасында алға қарай жылжуға барлық жағынан қызмет бабында да керемет трамплин бар. Бұл уақытта жаңа жобаларды бастауға, маңызды іскерлік жолға шығуға, немесе білім алуға қолайлы жаңа кеңістік ашылады. Қазір стратегиялық одақтастар табу маңызды. Өте ауқымды, тіпті жұрт күтпеген мақсаттар қоюға қорықпаңыз, қалай болғанда да айналасыңіз сізді қолдайды.

Айдың 20-нан кейін жобалардың жүзеге асуы сыртқы сараптауға ұласады. Бұл кезеңді өз мақсатыңызға байланыстырыңыз, алға қойған мақсатыңыз ішкі дүниеніңізге сәйкес келеді ме? Ақпан айы алдыменнен жел бағытымен жүгіргенмен, кейіннен тыныштықты тындап, бағытын реттеуге кеңес береді.

Махаббат. Жақын адамыңызбен қарым-қатынасыңыз үйлесімділік тауып, ақыл-ой жақындығы орын алады. Өзіңіз үшін ішкі әлеміңізге жақын адамдар жақсы. Ортақ жобаның немесе шұлы компанияның арасында болғанды жақсы көресіз.

Айдың ортасындағы күннің тұтылуы қарым-қатынасыңызды жаңа деңгейге көтереді. Мәселен бірге тұруға, ортақ іс бастауға, немесе өз одақтарыңыз туралы жариялауға шешім қабылдайсыз.

Айдың сабағы: достық бар жерде, ортақ идея және де алға қарай бірге қадам басуға ниет бар жерде мықты байланыс орнайды.

Қаржы: Негізгі бұл ай Таразылар үшін қаржылық бітімгершіліктің және стратегиялық одақтардың кезеңі. Бұл айдағы кіріс серіктестіктер арқылы, немесе өзіңіздің өз айналасыңа пайдалы, жомарт адамдарды топтастыра білу қабілетіңізге байланысты түседі. Өзіңіздің эстетикалық сезімталдығыңыз және мықты талғамыңыз қаржылық актив болады. Айдың 15 мен 20-сы аралығында жаңа ұсыныстар, келісім шарттар түсіп, мәртебеңіз өзгеруі мүмкін, немесе мәртебеңіз ақшалай сыйлыққа айналады. Дегенмен кейбір келісім шарттар бұзылуы мүмкін.

Жұлдыздар кеңес береді: өзіңіздің материалдық жағдайыңыз оқшаулануды қаламайды. Жақсы үйлесімді өзара табысты одақ құра білгеніңізде материалдық жағдайыңыз да жақсарады.

Қолайлы күндер: 1-2, 6-7, 11-12, 15-17, 24-25, 28.

Қолайсыз күндер: 13-14, 20-21, 26-27.



Әйел Сарышаян. Айдың басын үй ішіне жоспардан тыс ревизия жасаудан бастайсыз. Тосын сыйларға дайын болыңыз. Бәлкім ойламаған жерден туысқандар келеді, немесе тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықпен шайқасқа шығасыз. Әртүрлі көзқарастарға байланысты жақын адамдарыңызбен келіспей қалуыңыз да мүмкін. Кейбіреулер еркіндіктен тыс сізге өз міндеттерін артқысы келеді. Қорғана біліңіз. Кейбір кездері өзгелерді тыңдай білу де маңызды.

Айдың 20-нан кейін кішкене болса да мереке бар. Сый-сияпаттан, қонаққа шақырудан бас тарта алмайсыз. Барлығын ауырлата бірмей, жеңілдеткен де жөн шығар. Ең бастысы бір сәттік қуаныштарға қуанып, тағдырдың жақсы сыйына рахмет айта білу.

Еркек Сарышаян. Барлығын тереңінен зерттеп, өзіңіздің түп тамырыңызға, дәстүрлерге мән беруге тура келеді. Отбасы, немесе жеке принципте, болмаса өзіңізге арқа сүйер жандармен қарым-қатынаста барлығын қайта қарау керек. Бәлкім шешімін қажет ететін, реттеу керек болар күтпеген ақпараттар, немесе баяғыдан бері келе жатқан сұрақтар орын алады. Бұған аса мән берсеңіз, өз тірегіңізді нығайтасыз.

Айдың 20-нан кейін көңіл көтеруге, шығармашылыққа назар аударасыз. Өзіңіздің сүйікті ісіңізге аса мән беріңіз. Бәлкім шынайы қуаныш өзіңіз үшін осында болар.

Махаббат. Күтпеген жағдайлар орын алуы мүмкін. Серігіңіз кенеттен суып, сізден бас тартуы мүмкін. Айдың 15 мен 20-сы аралығында арадағы қарым-қатынастардың жайы белгілі болады. Бұл кезең батыл шешімдер қабылдайтын уақыт. Бұрынғыны ұстап қаламын деп әрекеттенудің қажеті жоқ. Есесіне айдың соңғы жағында жүрек махаббат сезіміне бөленеді. Сезімнің жаңа деңгейіне шығасыз.

Айдың сабағы: кей реттерде дауылдарға төтеп беріп, артық нәрседен құтылу керек. Сонда өміріңізге жаңадан сиқырлы әлем енеді.

Қаржы: Айдың 20-на дейін күтпеген шығындар бар. Үйге, отбасына, немесе базалық қауіпсіздікке байланысты мәселелер туындауы мүмкін. Тұрмыстық техниканың күтпеген жерден бұзылып қалуынан бастап жақын адамға кездейсоқ қаржылық көмектесу қажеттілігі туындайды. Айдың 17-дегі күннің тұтылуы осындай шығындарды көрсетеді, немесе баспана мәселесін шешудің жаңа нұсқасын ұсынады. Қаржыны бақылай біліңіз, бірақ үрейге бой алдырмаңыз – кеткен шығын, немесе жұмсаған ақша тыныштық әкеледі.

Айдың 20-нан кейін қаржылық жағдай жақсарады. Түйсігіңізге иек артыңыз. Бәлкім лотереяда, шығармашылық конкурстарда ұтып қаларсыз. Табысқа жету үшін кейде азартқа да орын бөлген жөн. Барлығы салқыңдандылықпен бола бермейді. Құмарлықтың да табыс әкелетінін ұмытпаңыз.

Қолайлы күндер: 3-5, 8-9, 13-14, 18-19, 26-27.

Қолайсыз күндер: 1-2, 15-17, 22-23, 28.



Әйел Мерген. Бұл айдағы басты одақтасыңыз адамдармен қарым-қатынас және шашпандық. Бұл кезең құжаттарды рәсімдеуге, қысқа іс сапарларға және пайдалы таныстыққа қолайлы. Айналасыңда идея мен ұсыныстар жеткілікті. Қорықпаңыз, қолдай біліңіз. Айдың 20-нан бастап өз-өзіңізге осыған мен лайықтымын ба, бұған күшім жетеді ме деген күмәнға тап боласыз. Негізгі өзіңізге деген сенімділікке күмәнданатындай жағдайлар орын алады. Өзіңізге деген сенімділігіңізді жоғалтпаңыз, бұл сіздің басты ресурсыңыз. Амбицияны кейінге қалдырып, ішкі дүниені сақтауға тырысыңыз.

Есіңізде болсын отты факельдің өзі де қалың тұман арасында бұлдырлан көрінеді, бірақ ол факель өшті деген сөз емес.

Еркек Мерген. Старт алатын кезең. Барлық жағынан жасыл тұс жанып тұр. Зат сатып алуға да, көлік жөндеуге де, іс сапарға шығуға да, тіпті сынақ тапсыруға да табысты кезең. Жедел ақпараттарды қағып алып, батыл іске кірісу ең басты табыс әкелетін тұс. Алайда айдың 20-да отбасылық мәселеде, туған-туысқандармен қарым-қатынаста проблемалар болуы мүмкін. Сіздің міндетіңіз даудамайға араласпай, өз шекараныңды белгілей білу. Кейбір кездері бейбітшілікті сақтау үшін өзіңізге қарата айтылған әңгімелерді қабылдамай, тыңдай білу жеткілікті.

Махаббат. Әлеуметтік жағдайы, мәдени ортасы басқаша адамдар қызықтырады. Әлеуметтік желідегі кездесулер, немесе қалыптасқан қалыпқа қарсы шығатын бұзықтар да назардан тыс қалмайды. Романтикалық сапарларда, саяхаттарда бұның бәрі болуы мүмкін. Айдың 20-нан кейін арадағы сезімнің айырмашылығына байланысты мәселелер туындайды. Серігіңіздің тым қиялшылдығын, әсершілдігін түсіне алмауыңыз мүмкін. Бәлкім айтылмаған өкпе, өзара түсінеушілік орын алады.

Кеңес: басқалардың сезіміне алданып, өзін жоғалтқаннан гөрі ақыл-ойдың анықтығын сақтаған дұрыс.

Қаржы. Бұл айдағы табысыңыз идеяңыздың ауқымдылығына және әлеуметтік байланыстарыңыздың сапасына байланысты. Прогрессивті, бірақ қалыпқа сия бермейтін адамдармен одақтас болу табыс әкеледі. Өз кеңістігіңізді кеңейтетін стартап пен жобаларды жүзеге асыруға келісімдер жасауға қолайлы кезең. Айдың 15-20 аралығы бұрыннан бергі мақсатыңызға байланысты күтпеген тұстан қаржылық мүмкіндік болады. Алайда жаңа форматқа батып, әрі дайын болуыңыз керек.

Айдың 20-нан кейін біреулердің арамдығынан, немесе қаржылық қателіктен шығын болуы мүмкін. Сондықтан да ауызша келісуден, екіара келісім бойынша ешқандай цифр құжат көрместен финансы операциясын жасаудан бас тартыңыз. Кредит, қарыз, немесе өзіңізбен жақын адамдармен бірге қаржы салудан аулақ болыңыз.

Айдың ұраны: қаржылық ашықтық – ең бірінші орында.

Қолайлы күндер: 1-2, 5-7, 10-12, 15-17, 20-21, 28.

Қолайсыз күндер: 3-4, 18-19, 24-25.



Әйел Тауешкі. Барлық шудан алыс, тыныш жерде демалған дұрыс. Өз-өзіңізге назар аударып, денсаулығыңызды, материалдық базаныңызды, ішкі «үйіңізді» дұрыстауға назар аударыңыз. Ресурстарға ревизия жасаңыз. Массажға, немесе иогаға барыңыз. Қаржылық жағдайды, сондай-ақ бастағы ойды да тәртіпке келтіріңіз. Есесіне айдың соңында жан тыныштығын сезінесіз. Тыныштық пен шығармашылықтан барлық мәселенің жауабын табасыз.

Айдың сабағы: сыртқы тәртіп пен ішкі дүниенің үйлесімділігі – мықты тірек.

Еркек Тауешкі. Белсенділік жоққа тән. Есесіне ресурстарды қалыпқа келтіруге мүмкіндік бар. Қаржылық жағдайыңызды қайта қараңыз. Жұмыс кеңістігіңізді тәртіпке келтіріңіз, сондай-ақ денсаулыққа да назар аударыңыз. Бұл кезеңде қолайлы жағдайға, сапалы затқа, немесе өнерге назар аударғанда ішкі дүниенің рахаты болады. Өз ресурстарыңызды тиімді бағыттап қана қоймай, жасап жатқан ісіңіздің нағыз бағасын да ұғасыз. **Ақпан айы** сіз үшін сенімді стратегия өз әлеміңіздің дана қорғаушысына айналуыңыздың кезеңі.

Махаббат. Қарым-қатынаста үйлесімділік бар. Ақыл мен сезім бір тілде сөйлейді. Ең күшті кеш ресторан, немесе шопинг емес, ас үйде тыныштықта шай ішу. Шырағдан түбіндегі кездесуде емес, бірге жөндеу жұмыстарын жасағанда, немесе қаражатты талқылағанда үйлесім табу. Бойдақ Тауешкілер өз ісін сапалы атқарғанда өзінің нақты бағасын алатыны сөзсіз.

Қаржы. Бұл айда қаржылық жағдай есептен бұрын ішкі көңіл-күйге байланысты. Қаржы мәселесінде түйсігіңіз күшейеді.

Кеңес: өзіңіздің қаржылық жоспарларыңыз бен табысыңызды құпия сақтаңыз. Бұл тұстағы ашықтық бөтендердің қажетсіз кеңестеріне, немесе сырттан қысымға әкеледі. Келісім шарт жасағанда тек сандарға сенім артып қоймай, ішкі түйсігіңізге де иек артыңыз. Салқыңдандылығыңыз ақша тартады. Өз ішкі дүниеніңізге тыныштық әкелетін салаға қаржы салсаңыз, шығын болмайды.

Қолайлы күндер: 3-4, 8-9, 13-14, 18-19, 22-23.

Қолайсыз күндер: 5-7, 20-21, 26-27.



Әйел Сұқұйғыш. Қуат көп қажет. Оқиғалар ортасында жүресіз. Көпшіліктің назарын аударасыз, қызықты ұсыныстар аласыз. Айдың 15 мен 20 аралығы шешуші кезең. Ескінің есігі жабылып, жаңа кезеңге есік ашылады. Жеке басыңызда да және кәсіби ісіңізде де өзгерістер бар. Бәлкім кейбір жайлардан батыл бас тарту керек болар,

бәрін басынан бастаған жөн шығар. Бұл кезең белсенділікке қолайлы емес. Дегенмен айдың бас жағында қолға алған болашақты жоспарлауға, немесе армандауға қолайлы.

Еркек Сұқұйғыш. Идеалдардың кезеңі. Күш артып тұр, ой да айқын. Жеке жобаларды бастауға қолайлы. Айдың 15-20 аралығы күн тұтылған кезең өзгерістер кезеңі. Бір есік кенеттен жабылып, келесі есік ашылады. Бәлкім қызметіңізге, болмаса мәртебеңізге байланысты өзгерістер болады. Күтпеген өзгерістерге, батыл шешімдерге дайын болыңыз. Негізгі бұл өзгерістер бір жыл бойына алдын ала жоспарланады. Бұл кезең әлеммен және өзіңмен шынайы сөйлесетін уақыт. Түйсігіңізді тыңдаңыз – тыныштықта барлығы анық көрінеді.

Махаббат. Жұлдызды сәт. Адамдар өзіңізге құмар. Бұл кезең махаббат достық арқылы, ортақ мүдделер мен сезімдер арқылы келетін кез. Күн тұтылған кезең шарықтау шегі. Барлығы бір сәтте өзгеру мүмкін. Жаңа қарым-қатынастар құруға қолайлы. Бір жыл бойы болатын сезімді бір айда бастан өткеруіңіз мүмкін. Өз шешіміңізге сеніңіз.

Қаржы. Өтпелі ай. Ең бастысы жедел өзгерістерге дайын болу. Қазір қаржы мәселесі өзіңізге байланысты. Өз идеяларыңызды қаншалықты көрсете аласыз, соған орай табыс та таба аласыз. Бәлкім цифрлық қоғамдастықта, немесе трендтерді көрегенділікпен көре білуде табысқа жетесіз. Айдың ортасында күннің тұтылуы белгі береді. Бұрынғы келісім шарттарды бір сәтте жоқ етіп, бір сәтте өзіңіз ойламаған ресурстарға қол жетуі мүмкін. Мәселен ойламаған жерден тұрақты болып келе жатқан жоба аяқталып, оның орнына жаңа табыс әкелетін кіріс көзі пайда болады. Сіздің міндетіңіз үрейге бой алдырмай, энергияны дұрыс бағытқа бұра білу. Ақпан айындағы табыс кілті – жаңаға орын ашу үшін ескіні жіберу білу.

Қолайлы күндер: 6-7, 10-12, 15, 20-21, 24-24

Қолайсыз күндер: 1-2, 8-9, 16-17, 22-23, 28.



Әйел Балық. Жаңа менен ескінің тоғысқан жері. Мүмкіндіктер ашылғалы тұр. Өте әсершілсіз, түйсігіңіз көріпкелдікке дейін ұласады. Айналадағылар сіздің ақылдылығыңызға, сабырлығыңызға тәнті болады. Әрбір сөзіңіз, тілегіңіз ерекше күшке ие. Сөзіңізге, тілегіңізге мағына бере біліңіз. Бұл ай қайтадан түлеу айы. Оқиғаларды асықтырмаңыз, қажетті адамдармен мүмкіндіктердің келуін күтіңіз.

Еркек Балық. Қыстың соңғы айы күшке мінетін уақытыңыз. Қайда бағыт алуды сезінесіз. Айналасыңдағылар өзіңізден кеңес сұрайды, қолдау күтеді, өйткені олар сіздің ерекше екеніңізді сезінеді. Бұл энергетикалық өсуді өз мақсаттарыңызды ақылмен жүзеге асыруға пайдаланыңыз. Текке аптықпаңыз. Ақпан айы алдағы болашаққа негіз қалауға мүмкіндік беріп тұр.

Махаббат. Жұмсақ мінезіңіз, шығармашылыққа жақындаңыз, бәрін түсіністікпен қарайтыныңыз, өріне сізді сүйкімді көрсетеді. Айдың үшінші бөлігінде сөзіңіз бен сезіміңіз бір арнада тоғысып, үйлесімділік табады. Сезіміңізді білдіру қиын емес. Бойдақ Балықтар болашақ жарын кездестіріп, некеге тұруы мүмкін. Таныстық, шығармашылық ортада, немесе су жағасында, немесе қамқорлық, көмек көрсетуге байланысты болуы мүмкін. Өз серігіңізді тандағанда, сезіміңізді білдіргенде түйсігіңізге иек артыңыз. Ешқандай шартсыз жақсы көріңіз және махаббат туралы қорықпай айтуыңыз сезім шынайылығын көрсетеді.

Қаржы. Бұл кезең өзіңіздің ішкі дүниенің бен шығармашылық потенциалыңызға байланысты. Әсіресе айдың 20-нан кейін. Түйсігіңізбен ой қорытаныңыз жақсы идеяларға, мықты келісім шарттарға әкеледі. Тенденцияны және нарықтың көңіл-күйін түсіне білетін қабілетіңіз күшейеді. Жаңа табыс көзі, әсіресе шығармашылыққа, өнерге байланысты, сондай-ақ ақпарат жұмыстарына орай жаңа табыс көздері пайда болады. Өзіңіз жетекшілік ететін, немесе сенімділік әріптестікке берген жобалар табысты болады. Бұл айдағы қаржылық күш – шабыт бере білуде. Сенімге ие болуда және бәрін білуге ұмтылуда. Осы капиталды барынша пайдалана біліңіз.

Қолайлы күндер: 8-9, 13-14, 18, 22-23, 26-27.

Қолайсыз күндер: 3-5, 10-12, 19, 24-25.

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»- ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ФОРМУЛАСЫ

Қазіргі Қазақстанның саяси ландшафтында «Заң мен тәртіп» концепциясы жай ғана құқықтық ұстаным емес, бұл – Әділетті Қазақстанның жаңа идеологиялық архитектурасы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс екенін атап өтті. Бұл ұстаным – жай ғана құқықтық норма емес, бұл Әділетті Қазақстанның іргетасын қалайтын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді имунитет қалыптастыратын негізгі күш.

Осы Жолдаудың негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 1 сәуіргі № 200 қаулысымен Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету

жөніндегі 2025 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдама бекітілді. Тұжырымдамада идеологияның дамуының негізгі қағидаттары мен тәсілдері көрсетілген. Соның бірі– заң үстемдігі және заңның жалпыға бірдейлігі қағидаты. Аталған қағидатта заңда бөле-жару жоқ, ол бәріне бірдей және оның талабын әрбір азамат пен ұйым міндетті түрде орындауға тиіс екендігі жазылған.

Заң мен тәртіп идеологиясының өміршеңдігі әрбір азаматтың ішкі мәдениетіне тікелей байланысты. Мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан реформалар, цифрландыру арқылы адам факторын азайту– осының бәрі жемқорлықтың тамырына балта шабуға бағытталған. Алайда, қоғамның қолдауынсыз бұл реформалардың тиімділігі толық болмайды.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бүгінде тек жазалау тетіктерімен ғана шектелмейді. Оның өзінде қоғамдық сананы трансформациялау және «нәлдік төзімділік» мәдениетін қалыптастыру жатыр. Президент ұсынған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидаты дәл осы парасаттылық пен жауапкершілікті ту етеді. Егер қоғамда ұсақ құқық бұзушылықтарға көз жұмып қарау әдеті жойылса, ірі жемқорлық қылмыстарға да орын қалмайтыны анық. Себебі тәртіп пен заңдылық – бір-бірінен ажырағысыз егіз ұғым.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі басты парадигма қоғамдық төзімсіздікке негізделген. Біз «ұсақ заң бұзушылық» деген ұғымнан арылуымыз керек, себебі кез келген тәртіпсіздік үлкен жемқорлық қылмыстардың

бастауы болып табылады. Тәртіпке бағыну – бұл мемлекет алдындағы ғана емес, болашақ буын алдындағы моральдық парыз.

Жемқорлықтың алдын алудағы басты тетік – жауапкершіліктің бұлтартпастығы мен цифрлық бақылаудың ұштасуы. Заңның күші тек жазалаумен өлшенбейді. Ол кез келген азаматтың құқығы мен бостандығын қорғайтын сенімді қалқан болуы тиіс. Заң мен тәртіп салтанат құрған жерде ғана мемлекеттік институттарға деген халықтың сенімі артады. Мемлекеттік аппараттың ашықтығы, шешім қабылдау кезіндегі бюрократиялық кедергілерді жою және әрбір қаржының жұмсалуды бақылау – заң үстемдігін орнатудың алғышарттары.

Президент Жолдауындағы басты

месседждердің бірі – заң үстемдігінің экономикалық өсімге тигізетін тікелей әсері. Жемқорлықтан тазарған жүйе ғана нағыз бәсекелестікке жол ашады. Тәртіп бар жерде инвестор сенім артады, капиталдың елден жылтыстауы тоқтайды.

Бұл тұрғыда «Заң мен тәртіп» идеологиясы – Әділетті Қазақстанның экономикалық архитектурасының негізі. Заң мен тәртіп орнаған қоғамда ғана экономикалық өсім мен әлеуметтік әділдік қатар дамиды. Адальдық пен заңдылық үстемдік құрған жерде жемқорлыққа орын болмайды.

Ш. КИЗБАЕВ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменты
Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы